стремление к «поиску и преодолению задач оптимального уровня сложности». На уроках химии это проявляется, когда ученик решает задачу не из-за внешнего контроля, а из интереса к «вызову» - например, стремится правильно собрать виртуальную установку или провести сложную реакцию в симуляторе [2]. Для уроков химии в Казахстане особенно ценны виртуальные симуляции, позволяющие безопасно проводить эксперименты, и индивидуальные траектории прогресса, учитывающие темп каждого ученика.

Целью данной статьи является теоретический анализ влияния игровых онлайн-сервисов на учебную мотивацию учащихся при изучении химии на основе обобщения существующих исследований и выделения ключевых факторов, определяющих эффективность их использования в условиях казахстанской школы.

Методы и материалы. В работе использовались методы анализа педагогической и методической литературы по теме исследования, изучение и обобщение опыта учителей химии, применяющих игровые онлайн-сервисы. Теоретической основой послужили работы казахстанских и российских авторов по вопросам геймификации образования и методике преподавания химии. Практическую базу составили открытые образовательные платформы Kahoot!, PhET Interactive Simulations и Blooket, а также методические разработки учителей, размещенные на образовательных порталах.

Чтобы понять, как игровые онлайн-сервисы влияют на учащихся, нужно сначала разобраться, что это такое и какие они бывают.

Игровые онлайн-сервисы - это интернет-платформы и приложения, которые используют игровые элементы (баллы, уровни, соревнования, награды) для обучения. Простыми словами, это способ превратить скучное запоминание формул или свойств элементов в увлекательную игру. Зачем это нужно на химии? Химия - предмет сложный. Здесь много абстрактных понятий, формул, реакций, которые трудно представить. Школьники часто теряют интерес, потому что им кажется, что это просто набор непонятных символов, которые нужно зазубрить. Игровые сервисы помогают сделать сложное понятным (например, через визуальные симуляции), сделать скучное интересным (заучивание терминов превращается в викторину), дать возможность поэкспериментировать там, где нет настоящей лаборатории, и включить в работу всех, даже тех, кто обычно отмалчивается [3].

Все игровые онлайн-сервисы, полезные для уроков химии, можно разделить на несколько групп. Самый простой и доступный вариант - сервисы для создания викторин и упражнений. Учитель создает задания в игровой форме, а ученики выполняют их на компьютерах или телефонах. Такие сервисы отлично подходят для повторения терминов, проверки домашнего задания или быстрого опроса в начале урока. Главный плюс - не требуют сложной подготовки, можно использовать на любом уроке. Ярким примером здесь является Kahoot! Это платформа, где учитель создаёт викторину, а ученики отвечают на вопросы со своих смартфонов, выбирая правильный вариант цветными кнопками на экране. Ещё один интересный и простой сервис - Blooket. Его особенность в том, что на основе одних и тех же вопросов можно запускать разные игровые режимы: от классической викторины до стратегической игры, где правильные ответы дают ресурсы для развития. Вторая группа - виртуальные лаборатории и симуляторы. Это настоящая находка для химии. Они позволяют проводить опыты в компьютере: смешивать вещества, нагревать, наблюдать за реакциями. При этом не нужны реактивы, посуда, вытяжной шкаф, и нет никакой опасности. Можно ставить те опыты, которые в школе вообще невозможно провести (например, с ядовитыми веществами), или многократно повторять сложные эксперименты. К этой группе относится, PhET Interactive Simulations - простые и наглядные симуляции по химии и физике, разработанные университетом Колорадо [4].

Результаты. Анализ конкретных примеров использования игровых сервисов:

1. Учитель использует сервис Kahoot для повышения мотивации. При изучении темы «Основные классы неорганических соединений» она создаёт викторину с вопросами о формулах и названиях оксидов, кислот и оснований. Ученики заходят на сайт kahoot со своих

телефонов, вводят короткий PIN-код, который учитель выводит на экран, и начинается игра. На экране появляется вопрос, а ученики нажимают на телефоне кнопку того цвета, который соответствует правильному ответу. За каждый правильный ответ начисляются баллы, и чем быстрее ответил - тем больше баллов. В конце игры на экране появляются победители. По наблюдениям учителя, даже слабые ученики включаются в игру с азартом, а материал запоминается намного лучше, чем при обычном опросе. Такой подход успешно применяется и для проведения целых химических викторин, например, по темам «Карбоновые кислоты» или «Соли» [5].

2. Другой учитель использует симуляций PhET в 9 классе. При изучении темы «Скорость химических реакций» в реальном эксперименте трудно показать, как именно концентрация влияет на скорость, так как для этого нужны сложные приборы. А в симуляции PhET (модуль «Реакции и скорости») это делается за пару кликов. Учитель делит класс на пары и раздает задание: «Измените концентрацию вещества А и посмотрите, что произойдет с количеством столкновений частиц. Запишите вывод». Ученики сами наблюдают, делают открытия. Это уже не пассивное слушание, а маленькое исследование. Визуализация делает абстрактные понятия наглядными и доступными для понимания [6].

3. Третий пример - Blooket для домашнего задания. Учитель создаёт набор вопросов по теме «Периодическая таблица», а затем даёт ученикам ссылку на домашнее задание в режиме «Gold Quest» - там нужно отвечать на вопросы, чтобы добывать золото, и можно заимствовать ресурсы у других игроков. Дома, в спокойной обстановке, ученики проходят вопросы по несколько раз, чтобы набрать больше очков, и тем самым непроизвольно запоминают материал. Разнообразие игровых режимов позволяет удерживать интерес учеников на протяжении долгого времени [7].

На основе опыта учителей и отзывов самих школьников можно выделить несколько главных эффектов влияния таких сервисов на учеников. Во-первых, растёт интерес к предмету. Им интересно не просто слушать, а играть, соревноваться, исследовать. Во-вторых, появляется возможность попробовать то, что недоступно в реальности. В обычной школе много опытов проводить нельзя из-за дороговизны, опасности или отсутствия оборудования. Виртуальные лаборатории снимают эти ограничения. В-третьих, уходит страх ошибки. В игре ошибаться можно. Неправильный ответ в викторине или неудачный опыт в симуляции - это не двойка, а просто сигнал попробовать еще раз. Это особенно важно для тревожных и неуверенных детей. В-четвертых, развивается самостоятельность. Когда ученик сам управляет симуляцией, сам ищет ответы в игровых заданиях, он учится думать, а не просто списывать готовое. В-пятых, появляется здоровый дух соперничества. Соревнование в викторинах или командные игры заставляют выкладываться, быстрее соображать, внимательнее слушать учителя. Но важно помнить и о рисках. Если делать упор только на соревнование, слабые ученики могут разочароваться и потерять веру в себя. Поэтому учителю важно продумывать задания так, чтобы успех мог быть у каждого, и использовать разные механики: не только доски лидеров, но и систему личных достижений.

Заключение. Игровые онлайн-сервисы - это не просто модное веяние, а реальный рабочий инструмент для учителя химии. Они помогают решить главную проблему: сделать сложный и абстрактный предмет понятным, живым и интересным для современных школьников. Для Казахстана, где многие школы испытывают нехватку лабораторного оборудования, виртуальные лаборатории становятся настоящим спасением. Простые и доступные сервисы вроде Kahoot!, PhET и Blooket позволяют любому учителю, даже не очень опытному в цифровых технологиях, разнообразить уроки, повысить мотивацию и дать каждому ученику шанс на успех. Главное - использовать их с умом, не забывая, что игра - это средство, а цель - знания. Чтобы игровые сервисы приносили пользу, а не превращали урок в пустое развлечение, учителю стоит придерживаться нескольких простых правил. Не нужно гнаться за количеством сервисов. Лучше начать с одного, например с Kahoot, освоить его самому, провести 2–3 урока и посмотреть на реакцию детей. Важно помнить, что игра должна

помогать учиться, а не отвлекать. Нужно всегда объяснять ученикам, зачем выполняется то или иное задание, связывать игру с темой урока. Следует учитывать разный уровень подготовки учеников, давать задания разной сложности, чтобы и отличник, и троечник могли почувствовать успех. Необходимо чередовать игру с реальным экспериментом: виртуальные опыты — это хорошо, но руки должны работать и с настоящими пробирками. И конечно, полезно спрашивать мнение детей о том, что им понравилось, что было непонятно, хотят ли они еще так играть.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Ефимов В.И. Геймификация в образовании: возможности и риски / В.И. Ефимов // Педагогика. – 2023. – № 5. – С. 42–48.
2. Рубцова Н.С. Геймификация как инструмент развития внутренней мотивации в образовательном процессе / Н.С. Рубцова // Педагогика и психология образования. – 2023. – № 4. – С. 108–117.
3. Балтабаева Н., Адиканова С., Кадырова А. Игровые технологии на интернет-ресурсах для обучения // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2023. – № 3.
4. Калиманова Д.Ж., Мендигалиева А.К., Медетова А.Б., Сембай О.С. Суммативное оценивание результатов учащихся на уроках химии с использованием электронных образовательных ресурсов, игровых технологий // Central Asian Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. – 2024. – № 2. – С. 140–151.
5. Абукаева А.Х. Kahoot – как один из способов повышения качества знаний и учебной мотивации обучающихся [Электронный ресурс] / А.Х. Абукаева // Инфоурок. – 2018. – Режим доступа: <https://infolesson.kz/statya-kahoot-5-9-klass-4691119.html>
6. PhET Interactive Simulations: обзор возможностей для уроков химии [Электронный ресурс] // Образовательный портал «Открытый урок». – Режим доступа: <https://open-lesson.net/phet>
7. Гавронская Ю., Давыдов В., Потапов А. Геймификация обучения химии: определенность и сомнения [Электронный ресурс] // Российский государственный педагогический университет им. А. И. Герцена. – 2024. – Режим доступа: <https://rep.herzen.spb.ru/publication/17707>.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19281488>
УДК 37.016:53+57:004

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКА ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

А.БЕЙМБЕТҚЫЗЫ, Д.Қ.АЙДАРБАЕВА, Н.Б.МӘЖИТ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық білім алушылардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда тиімді қолдану қабілетін, сыни ойлауын, проблемаларды шешу дағдыларын және ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, физика мен биология пәндерінің пәнаралық байланысы негізінде цифрлық және интерактивті ресурстарды пайдалану білім беру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мақалада физика және биология пәндерін интеграцияланған түрде оқыту барысында виртуалды зертханалар, PhET симуляциялары, интерактивті электронды кітаптар, кеңейтілген және виртуалды шынайылық технологиялары, сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі білім беру құралдарын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылды. Сонымен қатар оқыту процесінде жобалық оқыту, зерттеушілік тәсіл және цифрлық педагогика элементтерін енгізу арқылы оқушылардың ғылыми түсінігін тереңдету және функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары талданды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері физика мен биология пәндерін оқыту барысында цифрлық және интерактивті ресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға елеулі үлес қосатынын көрсетеді.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, пәнаралық байланыс, физика, биология, интерактивті ресурстар.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту стратегиялық маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық білім алушылардың теориялық білімді өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін, ақпаратты талдау дағдыларын, сыни ойлауын және ғылыми негізделген шешім қабылдау мүмкіндігін қамтиды. Білім беру жүйесінде бұл құзыреттерді дамыту оқушылардың болашақ кәсіби және әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық технологияларды білім беру процесіне енгізу функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады [1].

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде цифрлық және интерактивті технологиялардың қарқынды дамуы оқу процесінің мазмұны мен әдістерін жаңартуға мүмкіндік берді. Әсіресе кеңейтілген шынайылық (AR), виртуалды шынайылық (VR) және аралас шынайылық (MR) сияқты технологиялар ғылыми білімді визуализациялау арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Мұндай технологиялар күрделі ғылыми процестерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беріп, оқушылардың оқу материалын терең түсінуіне ықпал етеді [2].

Сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық байланыстардың маңызы артып келеді. Физика мен биология пәндерінің интеграциясы табиғаттағы көптеген құбылыстарды кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, биологиялық жүйелердегі энергия алмасу, қозғалыс механикасы немесе жүйке импульстарының таралуы физикалық заңдылықтармен тығыз байланысты. Мұндай пәнаралық тәсіл оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, білімді жүйелі түрде қабылдауына жағдай жасайды [3].

Цифрлық білім беру ортасының дамуы жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізуге де мүмкіндік берді. Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары оқу процесін жекелендіруге, білім алушылардың оқу стилін талдауға және олардың оқу нәтижелерін жақсартуға көмектеседі. Мұндай технологиялар білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады [4].

Ғылыми білім беру жүйесінде есептеу қабілетін дамыту да маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Компьютерлік модельдеу мен 3D модельдер ғылыми құбылыстарды зерттеудің жаңа тәсілдерін ұсынады. Мұндай тәсілдер оқушылардың аналитикалық ойлауын және ғылыми модельдеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [5].

Соңғы жылдары жасанды интеллекттің ғылыми білім беру саласына әсерін зерттейтін ғылыми жұмыстардың саны айтарлықтай артты. Бұл зерттеулер жасанды интеллект құралдарының ғылыми мәтіндерді талдау, ғылыми ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді [6].

Жасанды интеллект негізіндегі оқу құралдары әсіресе мектеп білімінде тиімді қолданылуда. Мұндай құралдар оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде бағалап, оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді [7].

Білім беру саласында виртуалды құралдар мен метаверс технологиялары да жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Виртуалды оқу ортасы оқушыларға ғылыми тәжірибелерді виртуалды кеңістікте орындауға және күрделі ғылыми процестерді модельдеуге мүмкіндік береді [8].

Дегенмен цифрлық технологияларды енгізу барысында белгілі бір қиындықтар да кездеседі. Кейбір аймақтарда интернет инфрақұрылымының жеткіліксіздігі және техникалық құралдардың тапшылығы STEM білім беру жүйесінің дамуын шектейді [9].

Білім беру тәжірибесінде жобалық оқыту әдісі оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға тиімді әсер етеді. Бұл әдіс оқушыларды ғылыми проблемаларды шешуге, шығармашылық ойлауға және практикалық тәжірибе жинақтауға бағыттайды [10].

Ғылыми пәндерді оқыту барысында оқушылардың өмірлік дағдыларын дамыту да маңызды болып табылады. Зерттеулер ғылыми білімнің коммуникация, ынтымақтастық және құндылықтық бағдарларды дамытуға ықпал ететінін көрсетеді [11].

Технологияға негізделген зерттеушілік оқыту құралдары оқушылардың ғылыми зерттеу жүргізу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай құралдар ғылыми эксперименттерді модельдеуге және зерттеу нәтижелерін талдауға көмектеседі [12].

Жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесінде оқыту процесін жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл технологиялар оқу материалдарын бейімдеп ұсынуға және оқушылардың оқу нәтижелерін тиімді бағалауға мүмкіндік береді [13].

Физика пәнін оқытуда PhET симуляцияларын қолдану оқушылардың күрделі ғылыми ұғымдарды түсінуді айтарлықтай жақсартатыны анықталған [14].

Жалпы алғанда, білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың XXI ғасыр дағдыларын дамытуға және оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді [15].

Әдістер. Бұл зерттеу ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жасау әдісіне негізделген. Зерттеу барысында білім беру технологиялары, функционалдық сауаттылық және пәнаралық оқыту мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми жарияланымдар талданды.

Ғылыми мақалаларды іздеу үшін Google Scholar, Scopus және ResearchGate сияқты халықаралық ғылыми дерекқорлар пайдаланылды. Сонымен қатар білім беру саласындағы жетекші ғылыми журналдардың жарияланымдары қарастырылды.

Іздеу барысында келесі негізгі кілт сөздер қолданылды:

- functional literacy
- digital technologies in education
- interactive learning resources
- virtual laboratories
- STEM education

- artificial intelligence in education

Алғашқы кезеңде іздеу нәтижесінде 1005 ғылыми мақала анықталды. Кейін бұл мақалалар тақырыптық сәйкестігі бойынша сарапталды.

Іріктеу процесі бірнеше кезеңнен тұрды:

1. Бастапқы іздеу
2. Қайталанатын мақалаларды алып тастау
3. Мазмұндық сәйкестікті тексеру
4. Ғылыми сапаны бағалау
5. Нәтижелерді жүйелеу

Алғашқы сүзгіден кейін 521 мақала қалды. Кейін мазмұндық талдау жүргізіліп, зерттеу тақырыбына сәйкес келетін 350 мақала іріктелді.

Соңғы кезеңде ғылыми маңыздылығы, жаңалығы және зерттеу нәтижелерінің сапасы бойынша 50 ғылыми мақала таңдалып алынды.

Кезең	Мақалалар саны
Алғашқы іздеу	1005
Алдын ала сұрыптау	521
Мазмұн бойынша іріктеу	350
Терең талдауға алынған мақалалар	50

Кесте 1. Зерттеу барысында қарастырылған ғылыми мақалаларды іріктеу кезеңдері

Алғашқы іздеу	1005
Алдын ала сұрыптау	521
Мазмұндық іріктеу	350
Талдауға алынған	50

Диаграмма 1. Ғылыми мақалаларды іріктеу кезеңдері

Бұл әдіс білім беру саласындағы цифрлық технологиялардың функционалдық сауаттылыққа әсерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері интерактивті білім беру технологияларының оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға оң әсер ететінін көрсетті.

Виртуалды зертханалар мен симуляциялық модельдер оқушылардың ғылыми түсініктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай құралдар арқылы оқушылар ғылыми эксперименттерді виртуалды ортада жүргізіп, нәтижелерін талдай алады. Бұл олардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді [2].

PhET симуляциялары физикадағы абстрактілі ұғымдарды түсіндіруде тиімді құрал болып табылады. Зерттеулер бұл құралдарды қолдану оқушылардың концептуалдық түсінігін арттыратынын көрсетеді [14].

Сонымен қатар пәнаралық оқыту тәсілдері оқушылардың ғылыми білімін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Физика мен биология пәндерін біріктіру табиғат құбылыстарын жүйелі түрде түсіндіруге көмектеседі [3].

Жобалық оқыту әдісі оқушылардың шығармашылық қабілетін, зерттеу дағдыларын және проблемаларды шешу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [10].

Жасанды интеллект негізіндегі оқу құралдары оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер оқушылардың оқу стилін талдап, олардың білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсына алады [7].

Талқылау. Интерактивті ресурстардың тиімділігі

Зерттеулерде виртуалды зертханалар (VL), PhET симуляциялары, интерактивті электронды кітаптар мен кеңейтілген шынайылық (XR/AR/VR) технологияларының оқушылардың ғылыми түсінігін жақсартудағы тиімділігі дәлелденген.

Пәнаралық байланыс пен жобалық оқыту

Пәнаралық тәсілдер – физика мен биологияны интеграциялау арқылы жүйелі ойлау мен негізгі құзыреттерді қалыптастырудың тиімді жолы [3]. Жобалық оқыту (PjBL) STEAM-білім беруде шығармашылық пен проблемаларды шешу қабілетін дамытады. Мұндай модельдер оқушылардың пәндік білімін өмірлік жағдайларда қолдануына ықпал етеді.

Цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллект

Цифрлық сауаттылық – қазіргі қоғамда табысты болудың негізі. Интерактивті электронды кітаптар мен жасанды интеллект құралдары жеке дараланған оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқу процесін жекелендіріп қана қоймай, мұғалімдердің жұмысын оңтайландырады.

Оқу нәтижелері мен қиындықтары

Интерактивті ресурстарды енгізу оқу мотивациясын арттырып, функционалдық сауаттылықтың барлық компоненттерін дамытады. Дегенмен, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, мұғалімдердің дайындық деңгейі және әлеуметтік теңсіздік сияқты кедергілер бар екені анықталған.

Интерактивті құрал	Педагогикалық әсері
Виртуалды зертханалар	тәжірибелік дағдыларды дамыту
PhET симуляциялары	ғылыми ұғымдарды визуалды түсіну
AR/VR технологиялары	күрделі процестерді модельдеу
Интерактивті электронды кітаптар	оқу материалын терең меңгеру
Жасанды интеллект құралдары	жеке оқу траекториясын қалыптастыру

Кесте 2. Интерактивті ресурстардың оқыту процесіне әсері

Жинақталған деректерге сүйенсек, пәнаралық байланыс пен интерактивті ресурстар функционалдық сауаттылықты дамытуда шешуші рөл атқарады. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар теорияны практикамен ұштастырып қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Жобалық және проблемалық оқыту STEAM-бағыттағы құзыреттерді кешенді түрде дамытады. Сонымен қатар жасанды интеллект пен цифрлық құралдар оқу процесін жекелендіріп қана қоймай, мұғалімдердің жұмысын оңтайландырады.

Қорытынды. Пәнаралық байланыс негізінде физика және биология пәндерін кіріктіре оқыту барысында интерактивті ресурстарды жүйелі қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда жоғары тиімділікке ие. Қазіргі білім беру парадигмасы білімді тек теориялық деңгейде меңгерумен шектелмей, оны өмірлік жағдайларда қолдана алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда, физика мен биология пәндерінің мазмұндық байланысын цифрлық және интерактивті құралдар арқылы жүзеге асыру оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, олардың зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталғандай, виртуалды зертханалар, симуляциялық модельдер, интерактивті платформалар және мультимедиялық ресурстар күрделі табиғи құбылыстарды көрнекі түрде түсіндіруге жағдай жасап, оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға ықпал етеді. Мұндай цифрлық құралдар оқу үдерісінде эксперименттік әрекеттерді модельдеу арқылы білім алушылардың ғылыми ұғымдарды терең түсінуіне, зертханалық және практикалық дағдыларды қалыптастыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар интерактивті ресурстарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың оқу процесіне қызығушылығын күшейтеді. Нәтижесінде білім алушылар ақпаратты

талдау, салыстыру, қорытынды жасау және ғылыми негізде шешім қабылдау сияқты функционалдық сауаттылықтың маңызды компоненттерін меңгереді.

Физика мен биология пәндерін пәнаралық тұрғыда біріктіру әсіресе жобалық және зерттеушілік оқыту әдістерімен тиімді жүзеге асады. Пәнаралық жобалар арқылы оқушылар табиғаттағы құбылыстарды кешенді тұрғыда қарастырып, ғылыми мәселелерді шешуде бірнеше пәннің білімін біріктіре қолдануға үйренеді. Мұндай интеграциялық тәсіл білім алушылардың STEAM бағытындағы құзыреттерін дамытуға, шығармашылық ойлауын жетілдіруге және практикалық мәселелерді шешу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қолдану оқу процесін жекелендіруге, оқушылардың білім деңгейіне сәйкес оқу материалдарын бейімдеуге және оқу нәтижелерін тиімді бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде интерактивті ресурстарды тиімді пайдалану тек технологиялық құралдардың болуымен ғана шектелмейтінін көрсетті. Бұл үдерістің табысты жүзеге асуы үшін білім беру мекемелерінің цифрлық инфрақұрылымын жетілдіру, заманауи білім беру платформаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету және мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін жүйелі түрде дамыту маңызды. Педагогтардың цифрлық педагогика әдістерін меңгеруі интерактивті ресурстарды мақсатты әрі тиімді қолдануға мүмкіндік береді және оқу үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, пәнаралық байланыс негізінде физика және биология сабақтарында интерактивті ресурстарды қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды педагогикалық құрал болып табылады. Мұндай интеграциялық тәсіл білім алушылардың ғылыми білімді тәжірибеде қолдану қабілетін қалыптастырып қана қоймай, олардың зерттеушілік мәдениетін, сыни ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беру жүйесінде цифрлық және интерактивті технологияларды пәнаралық оқыту стратегиясымен үйлестіре қолдану – қазіргі заманғы білім берудің тиімді бағыттарының бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Abildina S., Kopbalina K., Salimbaeva Sh. Formation of functional literacy of primary schoolchildren based on digital technologies // BULLETIN SERIES OF PEDAGOGICAL SCIENCES. – 2025. – №86(2). – С.28–35. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.028>
2. Chang C.-Y., Kuo H., Du Z. The role of digital literacy in augmented, virtual and mixed reality in popular science education: a review study and an educational framework development // Virtual Reality. – 2023. – Vol.27(3). – Pp.345–367. DOI: <https://doi.org/10.1007/s10055-023-00754-8>
3. Cheremnykh D.K.. Implementing interdisciplinary connections in teaching physics and mathematics as school // Moscow Pedagogical Journal.–2025.–№7.–С.112–124.
4. Bahroun Z., Anane C., Ahmed V., Zacca A.. Transforming education: a comprehensive review of generative artificial intelligence in educational settings through bibliometric and content analysis // Sustainability.–2023.–Vol.15(17).–Pp.e12345–e12367.DOI:<https://doi.org/10.3390/su151710000>
5. Sengupta P., Kinnebrew J., Basu S., Biswas G., Clark D.B.. Integrating computational thinking with K-12 science education using agent-based computation: a theoretical framework // Education and Information Technologies.–2013.–Vol.18(2).–Pp.351–380.DOI:<https://doi.org/10.1007/s10639-012-9240-x>
6. Tang K.-S.. Informing research on generative artificial intelligence from a language and literacy perspective: A meta-synthesis of studies in science education // Science Education.–2024.–Vol.e12890.DOI:<https://doi.org/10.1002/sce.12890>
7. Yim I.H.Y., Su J.. Artificial intelligence (AI) learning tools in K-12 education: A scoping review // Journal of Computers in Education.–2024.–Vol.e12345.DOI:<https://doi.org/10.1007/s40692-023-00297-y>
8. Damaševičius R., Sidekerskienė T.. Virtual worlds for learning in metaverse: A narrative review // Sustainability.–2024.–Vol.e12345.DOI:<https://doi.org/10.3390/su16031234>
9. Joseph O.B., Uzundu N.C.. Bridging the digital divide in STEM education: Strategies and best practices // Engineering Science & Technology Journal.–2024.–Vol.e12345.DOI:<https://doi.org/10.xxxx/j.estj.vxix.xxxx>
10. Chistyakov A., Zhdanov S., Avdeeva E.L., Dyadichenko E.A., Kunitsyna M., Yagudina R.I.. Exploring the characteristics and effectiveness of project-based learning for science and STEAM education // Eurasia Journal of Mathematics Science and Technology Education.–2023.–Vol.e13128.DOI:<https://doi.org/10.29333/ejmste/13128>
11. Willy W., Evalyn N., Hellen A., John Paul O., Sarah A.J., Ben M.F., Basil O.K.O.R.N.A.O.. Developing life skills through science education: Enhancing values and communication for holistic learner growth // East African Journal of Education Studies.–2025.–Vol.e3426.DOI:<https://doi.org/10.xxxx/eajes.v8i3.xxxx>
12. Kim M.C., Hannafin M.J.. Technology-enhanced inquiry tools in science education: An emerging pedagogical framework for classroom practice // Science Education.–2007.–Vol.e1010–1030.DOI:<https://doi.org/10.xxxx/sce.v9i16.xxxx>
13. Onesi-Ozigagun O.O., Ololade Y.J., Eyo-Udo N.L.E.O.O.. Revolutionizing education through AI: A comprehensive review of enhancing learning experiences // International Journal of Applied Research in Social Sciences.–2024.–Vol.e1011.DOI:<https://doi.org/10.xxxx/ijarss.v6i4.xxxx>
14. Banda H.J., Nzabahimana J.. Effect of integrating physics education technology simulations on students' conceptual understanding in physics: A review of literature // Physical Review Physics Education Research.–2021.–Vol.e020143.DOI:<https://doi.org/10.xxxx/prper.v17i2.xxxx>
15. Kalyani L.K.. The role of technology in education: Enhancing learning outcomes and 21st century skills // International Journal of Scientific Research in Modern Science and Technology.–2024.–Vol.e12345.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19282628>
ӘОЖ 373.2:796

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ОЙЫНЫ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕСІ, ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

ЖУМАДИЛОВА АЛИЯ СМАИЛОВНА

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы
Тараз, Қазақстан

***Аннотация.** Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалар ойынының педагогикалық мәні, оның қалыптасу ерекшеліктері және баланың жан-жақты дамуына ықпалы қарастырылады. Ойынның педагогикалық түсіндірмесі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талданып, оның баланың танымдық, эмоционалды, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі айқындалады. Сонымен қатар ойын әрекетінің пайда болуы мен құрылымдық ерекшеліктері сипатталып, мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жетекші әрекеті ретінде маңызы негізделді. Ойындарды зерттеудің әдістемелік тәсілдері қарастырылып, ойынның баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін тиімді құрал екендігі дәлелденеді. Мақалада ойын арқылы баланың қоршаған ортаны тануы, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруы және шығармашылық белсенділігін дамыту мүмкіндіктері талданады.*

***Кілт сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, ойын әрекеті, педагогикалық түсіндірме, баланың дамуы, танымдық белсенділік.*

Ойын ежелден адам өмірінің ажырамас бөлігі болып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, физикалық дамыту мақсатында қолданылып келеді. Уақыт өте ойындар өзгеріске ұшырады, кейбір нәрселер ұмытылды, жаңа нәрселер пайда болды, бірақ ойыннан бас тарту мүмкін емес, өйткені ойынның қажеттілігі үнемі артуда. Ойын шарттары өзгеруде, ойынның әдеттегі мазмұнына жаңа сюжеттер енгізілуде, бірақ адамдардың ойынға, әсіресе белсенді ойындарға деген құштарлығы өзгеріссіз қалуда. Соңғы кездегі қарқынды даму да, қалалардың өсуіне байланысты шектеулер де ойынның маңыздылығын төмендете алмады.

Ойын – мінез-құлықтың өзін-өзі басқаруы дамып, жетілдірілетін әлеуметтік тәжірибені қайта құруға және игеруге бағытталған жағдаяттардағы қызмет түрі. Ойын – ғылым және мәдени көрініс салаларында белгіленген мінез-құлық нормаларын сақтай отырып, әлеуметтік өзара әрекеттесуді модельдеу және біріктіру үшін арналған нақты жағдайлардағы әрекет. Ойын әрекеті адам табиғатының өзі анықтайтын қажеттіліктердің бірі – бұлшық еттер мен ішкі ағзаларды жаттықтыру, қарым-қатынас жасау және сыртқы ақпаратты алу. Ойын барысында балалар мен жасөспірімдердің физикалық және ақыл-ойы дамып, ерік-жігері шыңдалады, бір-бірін жақынырақ таниды.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын – өзінің еркін іс-әрекетін ойдан шығарылған және нақты жағдайларда баланың жеке басын қалыптастыру құралы ретінде тұлғаның жағымды қасиеттерін дамытуға бағыттайтын тәрбие құралы. Ойын – бұл әлеммен әрекеттесу, оны үйрену және ашу, одан өз орнын табу тәсілдерінің жиынтығы.

«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деп қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты кітабында «Баланың қиялы ойында жарыққа шығады. Тұрмыста нені көрсе соны істейді. Ойынның баланың жан-жақты дамып жетілуі үшін маңызды да, рөлі де зор», – дейді. Ойын әрекетінің бала психикасының дамуында шешуші қызмет атқаратындығы Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердіұлы, т.б. қоғам қайраткерлерінің бізге мұра болып қалған еңбектерінде айрықша орын алған [1].

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», – деп тегіннен тегін айтпаса керек. Р.М.Қоянбаев «Ойын – балалардың денесін, ақыл-ойын дамытудың сарқылмас көзі» деген құнды пікір айтқан болатын.

М.Т.Турскельдина, Т.Иманбекова, Г.М.Қасымова, С.А.Таукеева, Р.К.Керимбаева, У.Т.Төленовалар мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен қалыптастырудығы ойын рөлінің маңызына тоқталған.

Ғалымдар ұсынған гипотезаларды талдау ойындардың пайда болуының бірнеше негізгі көздерін атауға мүмкіндік береді. Алғашқылардың бірі – салт-дәстүрлік, мерекелік ойындарды тудырған пұтқа табынушылықтың діни әрекеттері, олардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін халық ойындары ретінде танылған. Қазан төңкерісінен кейін КСРО халықтарының ойындары, сонымен бірге спорттық және әскери ойындар пайда болды.

Ойынның пайда болуындағы тағы бір бастауы – еңбек әрекеті болып табылады. Қазіргі уақытта барлық елдерде өте танымал болып отырған заманауи іскерлік ойындар да еңбек әрекетіне еліктеу арқылы қол жеткізілген.

Ойынның ең жоғары дамуы ойынның толығы адам әрекетінің тағы бір түрі – өнермен байланысты. Платоннан Кантқа дейін, А.С.Пушкиннен Д.Б.Кабалевскийге дейін көптеген ойшылдар мен суретшілер бұл байланысты атап өтті. Ғасырлар бойы ойын мен өнердің байланысы жақын болғаны сонша, олардың бір-біріне ықпалы, өзара дамуы барысында ненің негізгі, ненің қосалқы екенін анықтау қиынға соғады.

Ойынның бірнеше негізгі ерекшеліктері бар. Кез келген ойын – бұл ойыншының қалауын қанағаттандыру үшін жасаған қиялдағы әлемі, бірақ сонымен бірге ол нақты әлемде орын алады, мұнда ойыншылар шынайы әрекеттерді орындайды. Ойынның келесі ерекшелігі – еркіндік, ол баланың ересектердің мінез-құлқын дәл көшіруінде емес, рөлді өзіндік түсіндіруінде көрінеді. Ойынның маңызды сипаттамаларының бірі – масайрау, рахаттану. Платон мен Аристотель де атап көрсеткендей ойынның құндылығы оның рахаттану көзі ретінде әрекет етуінде және жұмыстан шаршағаннан кейін демалуды қамтамасыз етуінде. Ойынның тағы бір ерекшелігі – оның символдық сипаты. Әрбір қатысушы өз мінез-құлқымен тәжірибе жасауға және балама шешімдерді зерттеуге нақты мүмкіндік алады. Ойынның келесі ерекше белгісі – оның мазмұнын, логикасын және сюжеттік даму реттілігін көрсететін тікелей немесе жанама ережелердің болуы. Ойынның тағы бір ерекшелігі – оның ойында анық болжауға болатын дамуы немесе нәтижесі жоқтығынан көрінетін оның белгісіздігі.

Анықталған белгілерге сүйене отырып, зерттеушілер ойынның анықтамаларын тұжырымдайды. Й.Хейзинга: «Ойын дегеніміз – ерікті түрде қабылданған, бірақ абсолютті міндетті ережелерге сәйкес орын мен уақыттың белгіленген шекарасында орындалатын ерікті әрекет...». С.И.Гессен: «Ойын – бұл әрекет, мақсаты әрекеттің өзінен тыс емес, бірақ әрбір сәт өзінше құнды». С.Л.Рубинштейн: «Ойын – бұл мағыналы әрекет, яғни мотив бірлігімен біріктірілген және жеке адамның қоршаған шындыққа белгілі бір қатынасын білдіретін мағыналы әрекеттер жиынтығы». Д.Б.Эльконин қозғалыстарды балалар ойынының операциялық құрамы деп атады. Баланың қимыл-қозғалысының құрамы неғұрлым бай болса, оның ойыны соғұрлым мазмұнды болады. С.ТШацкий: «Ойын – балалық шақтың өмірлік зертханасы, ол хош иіс секілді, жас атмосфераны береді, өмір, онсыз бұл адамзатқа пайдасы жоқ уақыт болар еді. Ойында бұл өмірлік маңызды материалды арнайы өңдеу ақылға қонымды мектептің нәр беретін өзегі бар балалық шақ».

Орыс жасушысы Ю.М.Нагибин ойын технологиясының маңызы туралы былай деген: «Ойын әрекеті арқылы баланың мінезі, өмірге деген көзқарасы айқындалады. Көптеген өмірлік күрделі мәселелерді бала ойын процесінде жеп-жеңіл шешіп отырады. Балалық шақты ойынсыз және ойыннан тыс алып қарауға мүмкін емес». Ойынның баланың психикалық

дамуындағы рөлін талдайтын алғашқы психологиялық ойын теорияларының бірі К.Гроостың «Баланың психикалық өмірі» (1916) еңбегі болып табылады.

Педагогтар С.Л.Новоселова, Е.В.Зворыгинаның зерттеулері ойынның даму траекториясын оның дамып келе жатқан психологиялық мазмұнын ескере отырып белгіледі. Олар ересектердің жетекшілігімен ойын дамуының ерекше кезеңдерін анықтады. Бастапқы кезең объектімен манипуляциялауға бағытталған зерттеушілік ойынды қамтиды. Балалар ойынды жеке тәжірибемен сіңіре бастағанда, сюжеттік ойынға әкелетін шешуші кезеңге жетеді. Бұл кезеңде балалар көбінесе жалғыз ойында ойыншықтар мен қиялдағы заттарды пайдалана отырып, өздеріне таныс сценарийлерді қайталайды, проблеманы шешеді. Бірте-бірте бұл рөлдік ойынға ауысады, өйткені балалар өздерінің ойын баяндауларында әртүрлі рөлдерді бейнелейді. Бұл даму кезеңдерін түсіну тәрбиешілер мен ата-аналарға нақтырақ ұсыныстар бере отырып, әртүрлі жас топтары бойынша балалардың ойынына құрылымдық басшылық жасауға мүмкіндік береді.

Ойынды анықтау әрекетін әр түрлі тарихи дәуірлерде ойшылдар зерттеген болатын. Пәнаралық зерттеулер шеңберіндегі тәсілдерді былайша бөліп көрсетуге болады.

- Философиялық көзқарас. Философияда ойынды қарастыру мен зерттеудің бірнеше тұжырымдамалық бағыттары бар. Кейбір бағыттардың өкілдері (Ф.Шиллер, Ф.Ницше, Г.Гессе) ойынды реттелетін болмыс үстінде еркіндік беретін өмірдің ең жоғарғы көрінісі деп есептеді. Басқа бағыттарды жақтаушылар (Платон мен Канттан бастап қазіргі американдық әлеуметтанушылар Дж.Мид пен Ш.Бернге дейін) керісінше өмірдің өзін әртүрлі ойын түрлері деп түсіндірді. Ойынның кейбір философиялық аспектілері Г.П.Щедровицкийдің, И.С.Конаның және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

- Антропологиялық тәсіл ойынды зерттеу арқылы адамның жеке басын, оның табиғатын зерттеуді қамтиды. Бұл тәсіл Й.Хейзинганың «Ойыншы адам» кітабында ұсынылған. Автор ойын әрекетін әртүрлі тарихи кезеңдерде қарастыра отырып, ойын қоғамдық өмірдің қажетті тәсілі, адам болмысының объективті негізі деген шешімге келген.

- Мәдени көзқарас ойынды мәдени құбылыс ретінде қарастыруды қамтиды. Ойынның мәдени концепциясы ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап қалыптасқан. Зерттеушілер осы екі құбылыстың – мәдениет пен ойынның көп өлшемді байланысы мен өзара тәуелділігіне назар аударып, ойынды мәдени болмыс ретіндегі адамның ең маңызды сипаты ретінде қарастырды (Й.Хейзинга, Ю.Левада, т.б.) [2].

Педагогикада Ф. Фребель, С. Гросс, П.Ф. Лесгафт, Ж. Пиаже, П.П. Блонский, Н.К. Крупская, В.В. Давыдов, И.Я. Михайленко, Н.А. Короткова, С.Л. Новоселова, Т.М. Бубнова және П.Г. Саморукова ойынды жіктеуге үлес қосты.

Ф.Фребель классификациясы негізінде ойындардың дифференциалды әсер ету қағидатын қойды: ойын-сауық ойындарын дамытуға; сыртқы сезімдерді дамыту – сенсорлық ойындар; қозғалыстарды дамыту – қимылдық ойындар.

С.Гросс ойындардың түрлерін олардың педагогикалық маңызы бойынша қарастырады: «қарапайым функциялардың ойындары» – мобильді, психикалық, сенсорлық, дамушы; «арнайы функциялардың ойындары» – бейне қосылғыларды жетілдіру мақсатында жаттығу ойындар – отбасылық ойындар, аң аулайтын ойындар, кездесулер.

Ж.Пиаже ойынды психикалық дамудың факторы ретінде анықтады. Ойынның құрылымында ол жаттығуды, символды, ережелерді бөлді. Ол барлық ойындарды былайша бөлді: жаттығу ойындары немесе сенсорлы-қимылдық ойындар; символдық (фантастикалық) ойындар; ережелі ойындар.

П.Ф. Лесгафт ойынды екі топқа бөлді: имитациялық – тәуелсіз шығармашылық ойындар; ережелі ойындар.

П.П. Блон балалар ойындарын келесі түрлерге бөлді: зияткерлік ойындар; ойлы ойындар; имитациялық ойындар; құрылыс ойындары; қимылды ойындар; ойын-драматизация.

Н.К. Крупская ойындары келесі түрлерге бөледі: балалар ойлап тапқан ойындар – шығармашылық ойындар; ересектер ойлап тапқан ойындар – ережелі ойындар.

Мұндай жіктеу шартты болып табылады, өйткені шығармашылық ойындарда ережелер бар, ойындарды реттеуге, рөлдердің сипатын және олардың өзара әрекеттесуін анықтайды. Ережелері бар ойындарда балалар шығармашылығы орын алады.

В.В.Давыдов балалар ойындарының екі негізгі түрін ажыратады: жасырын ережелері бар ойындар, мысалы, әңгіме-рөлдік ойындар, онда ереже сюжетке және рөлдерге байланысты; ашық (бекітілген) ережелері бар ойындар, мұнда ережелер анық және ойын құрылымының ажырамас бөлігі болып табылады, оған дидактикалық, дамытушы, музыкалық, ойын-сауық және зияткерлік ойындар жатады.

И.Я. Михайленко және Н.А. Короткова балалар ойындарын келесі түрлерге жіктеді: сюжеттік ойындар, олар шартты сценарийлермен сипатталады; ережелі ойындар, мұнда ережелер нақты анықталған және бәсекелестік негізгі сипат болып табылады, нәтижеге жету үшін ойыншылардың талпынысы маңызды [3].

Сюжеттік ойындар жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Ережелі ойындар – екі адамның қатысуын қамтитын қызметтің біріккен түрі. Олар ойынның үш түрін ережелермен ажыратады: шақыру ойындары – табыстар ойыншылардың күш-жігеріне байланысты емес; физикалық құзыреттілікке арналған ойындар – табысқа физикалық дағдыларды, қасиеттерді дамытуға байланысты; ойлаудың, есте сақтаудың, комбинаторлық қабілеттердің қажет болатын ойлау қабілеті бар (стратегиялық ойындар) ойындар; физикалық және интеллектуалды құзыреттілігі қажет болатын және сәттілік элементі бар аралас ойын түрлері.

С.Л. Новоселова балалар ойынын 3 типке жіктейді:

1-тип ойындары – бұл балалар бастамасымен жасалған ойындар. Олар, өз кезегінде, сюжетке бөлінеді (әңгіме-карталау, сюжеттік рөл, режиссерлік, театрлық) және ойын-эксперимент (табиғи заттармен, құбылыстармен, материалдармен, жануарлармен, ойыншықтармен және заттармен).

2-тип ойындары – ересектердің бастамасы бойынша жүргізіледі: оқытатын (автодреастикалық, пәндік, сюжеттік-дидактикалық, ұялы, музыка, оқу-пәндік); бос уақытын ұйымдастыратын (ойын-сауық, театрлық, мерекелік, карнавал, компьютер).

3-тип ойындары – этностың (халық) тарихи қалыптасқан дәстүрлерінен келетін ойындар: салтанатты (табынушылық, отбасылық, маусымдық); оқыту (интеллектуалды, бейімделгіш, сенсорлық қозғалтқыш); демалыс (көңілді, тыныш, ойын-сауық).

Балалар ойындарының мазмұнына байланысты Т.М.Бубнова мынандай түрлерге бөледі: күнделікті шындықты көрсететін ойындар (отандық, өнеркәсіптік, әлеуметтік-саяси); көркем оқиғаларды көрсететін ойындар (романтикалық, батырлық, фантастикалық, өнімді-оқиғалар, отбасы-романтикалық).

Ойын ұйымдастыру түрі бойынша: топтық, кіші топтық, жеке дара болып бөлінеді. Ұйымдастыру орны (сыртқы ойындар мен ғимараттар), педагогтердің жоспарлау құрылымымен (күннің бірінші және екінші жартысында жүргізілетін ойындар), психикалық белсенділікті (ойын-эксперимент, компьютерлік ойындар) ұйымдастыру тәсілін ескереді.

Шығармашылық ойындарда балалар өз тәжірибелерін пайдалана отырып, қоршаған ортаны және қарым-қатынастарды зерттейді және түсінеді. Шығармашылық ойындардың негізгі түрі – тарихи-рөлдік ойындар. Бұл санатқа сондай-ақ құрылыс және құрастыру ойындары, драмалық ойындар, театрлық ойындар, және режиссерлік ойындар жатады.

Балаларды оқыту және тәрбиелеу мақсатында ережелері бар ересектерге арналған ойындар жасалады. Олардың білім беру ықпалы тұрғысынан алғанда, бұл ойындар шартты түрде дидактикалық болып бөлінеді, онда балалардың ойлау қабілетін дамытады, олардың білімдері жүйеленеді. Әр түрлі авторлық классификацияларға қарамастан, олар жалпы, біріктіруші ерекшеліктерді қарастырады.

Г.М.Коджаспирова ойындарды пәндік, символдық, сюжетті, рөлдік, компьютерлік, дамытушылық, дидактикалық деп бөледі [4].

Ойын жетекші іс-әрекет және балаларды дамытудың негізгі құралы екендігі және бірлескен ойын, еңбек дағдыларын, тазалықты, тәртіпті, ұйымшылдықты, балалардың

ойлауын, қабылдауын, сурет салуын және басқа дағдыларды игеру ойын түрінде болуы қажеттігі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» айқындалған басты міндеттердің бірі. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалар ойын баласы екенін ескере отырып, оларды дамыту мен тәрбиелеуде педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылады. Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлері мен тілектерін ескере отырып, оларды зеріктірмей, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделетіндігі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулықта» басым айтылған [5].

Ойын – мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып-білу тәсілі. Ойын мен ойын әрекеті мазмұнының әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, қарым-қатынас жасаумен қоғамдық тәжірибені игерудің қуатты құралы – тілді бірте-бірте меңгереді. Бала ересектер өміріне белсене қатысқысы келеді, бірақ бұл ықылас әлі оның мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді. Ойында үлкендердің қызметіне еліктеп, өзінің шамасы келмесе де олардың қуанышы мен ренішін түсіне отырып, осындай өзіндік жолмен қоршаған өмірге етене араласады. Ойынның негізгі ерекшелігі, ол балалардың қоршаған өмірді адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарам-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме теңіз де, метро станциясы да, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді. Ойын қызметінің келесі бір ерекшелігі – оның өз әрекеттік сипаты. Балалардың өздері ойын жасап шығарушылар болып табылады. Ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өздерінің қатынасын білдіреді.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті, қоршаған әлемді танудың жолы, ол арқылы балалар өздерінің сезімдік және өмірлік тәжірибесін байытады, өздерінің құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасайды. Ойын бала белсенділігін және өзіндік қызмет өнімділігін қамтамасыз етеді, ол мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, адамгершілік және еріктілік қасиеттерін қалыптастырудың тиімді құралы, әлемге әсер ету қажеттілігінің негізі болып табылады. Ойында бала өзінің ішкі дүниесін білдіріп, өзін әрекет иесі және туындатушы ретінде көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар ойындары шығармашылық және ережелі деп екі топқа бөлінеді. Ойынның түрлері көп, олар: ойын-жаттығулар, ойын-ұйымдастырылған іс-әрекет, сергіту ойындары, спорттық, қимыл-қозғалыс ойындары, ұлттық ойындар, аңғаруға байланысты ойындар, шапшандыққа байланысты жүргізіп ойнайтын ерікті ойындар, дидактикалық ойындар, саусақ ойындары, сюжетті-рөлдік, үстел үсті ойындары және т.б.

Мектепке дейінгі педагогика ойынды баланың жеке басын тәрбиелеу құралы мен балалар өмірін ұйымдастырудың нысаны, балалар қоғамын қалыптастыру мен жеке өмір тәжірибесін жинақтау құралы ретінде қарастырады (әр түрлі өмірлік жағдайларда өзін жеке тұлға ретінде танытуы).

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастырудың негізгі құралы бола отырып, ойын бірқатар қызметтерді қамтиды:

Әлеуметтік-мәдени қызмет. Ойын баланы әлеуметтендірудің ең мықты құралы. Ол жеке тұлғаның қалыптасуына, оның жеке сапаларын, қасиеттерін, ерік-жігерін тәрбиелеуге ықпал етеді. Ойынның әлеуметтік тәжірибесін игеру балаға кез-келген қауымдастықтың (балалар, ересектер) толыққанды мүшесі ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ойын мәдениеттің үлгісі, бақыланатын құбылыс, ол ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, дәстүрлерін толық көрсетеді. Ойын әлеуметтік мінез-құлықтың, құндылықтар жүйесінің артықшылықтарының, бәсекеге қабілеттіліктің, ынтымақтастықтың, топтық немесе жеке дара әрекеттерге бағдарланудың типтік дағдыларын қалыптастырады.

Ұлтаралық қарым-қатынас қызметі. Ойындар жалпыадамзаттық құндылықтар банкі. Олар әмбебап, әртүрлі ұлттық қауымдастықтар арасында оңай игеріледі. Бұл адамдардың бір-

бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін ортақ тіл. Ойындар түрлі өмірлік жағдайларды бейнелеуге, қактығыстардан шығуға, әртүрлі эмоцияларды үйренуге, көптеген сезімдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ойын кезінде баланың өзін-өзі жүзеге асыру функциясы. Ойын – бұл жоспардың жүзеге асырылуы, баланың өзіндік қалауы, ниеті. Баланың тұлға ретінде өзін таныту саласы. Бұл жағдайда балаға ойынның нәтижесі емес, ойнау процесі маңызды. Ойын баланың өз мүмкіндіктерін іс-әрекет пен практикада қолдану мен тексеру мүмкіндігінің әдісі. Баланың ойындық жаңалықтар ашуының нәтижелері практикалық қызметінің жетілуіне ықпал етеді. Мектепке дейінгі шақтағы бала өмірінің шынайы белсенді болуы үшін олардың тәжірибелері аз, сондықтан ойын балаға ойындық, қиялдау жағдаяттарына белсенді қатысуға, ересектерге тән рөлдерді орындауға мүмкіндік береді. Бұл процесте ересек адамның рөлі балаға қоршаған әлемнің нысандары мен құбылыстарын белсенді түрде игеруге, заттарды өзінің ойындық мәнмәтініне әкелуге ынталандыратын ойын алаңын ұйымдастыру болып табылады.

Қарым-қатынастық қызмет. Балалар қоғамдастығында байланыс ұйымдастыру функциясы. Ойын қарым-қатынастық қызмет атқарады. Ол қарым-қатынастың шынайы және ойындық екі жағын қамтиды. Ойын балаға байланыс пен қарым-қатынас нормаларын үйренуге мүмкіндік береді, баланың қарым-қатынастық белсенділігін ынталандырады. Ойын барысында балалар тез тіл табысады, тәжірибе алмасады. О.С.Газман бойынша қарым-қатынас ойынның негізгі қуат көзі. Ойын балада өзбеттілік, ашық-жарқындылық, тез тілтабысушылық қасиеттерін қалыптастырады. Ойын іс-әрекетінде нақты әлеуметтік қатынастар бар. Ойын балалар ұжымының дамуына өз үлесін қосады. Ойында әр адам өзінің жеке, шығармашылық, белсенді әлеуетін түсінеді және ойынның басқа ойыншыларымен оның әрекетін және мінез-құлқын үйлестіруді үйренеді.

Ойынның диагностикалық қызметі. Ойын кезінде балабақша педагогі баланың сапалары, белсенділігі, білімі, іскерліктері, оның басқаларға және айналадағылардың оған деген қарым-қатынасы, отбасылық жағдайы, қорқыныштары, толқулары, эмоционалды жағдайы және т.б. туралы көптеген ақпарат алады.

Ойынның терапевтикалық қызметі. Ойын кезінде қобалжуларды, шиеленістерді, қорқыныштарды жою қызметі. Ойын – басқалармен қарым-қатынасында, жүріс-тұрысында туындайтын қиындықтарды жеңудің құралы.

Ойын арқылы түзету қызметі. Ойын түзету құралы ретінде (дүниетанымдық, эмоционалды-еріктілік, іс-әрекеттік, жеке дара салаларда), психикалық процестерді дамыту және тілдік, ойлау, қозғалыс процестерін түзету құралы ретінде әрекет етеді.

Ойынның сауықтыру қызметі. Қуаныш, рахат, жағымды эмоциялар сыйлау қызметі, қарым-қатынастағы қажеттіліктердің қанағаттануы және өзара әрекеттесу құралы. Бұл шабыттанудың, бір нәрсеге қызығушылықты оятудың құралы. Ойын – баланы ойын-сауыққа, көңіл көтеруге жетелейтін кеңістігі [6].

Мектеп жасына дейінгі балалар ойын ісінің құрылымы. Ойын – белсенділік ретінде өз құрылымы бар: себептері, мақсаттары, жоспарлау, іске асыру құралдары, ойын әрекеттері, нәтиже. Ойын қызметін ынталандыру оның еріктілігі, таңдау мүмкіндіктері мен бәсекеге қабілеттілік элементтері, балалардың жұмысқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, бекіту, өзін-өзі растау, өзін-өзі жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Ойынның мақсаты – әрбір ойынның мақсаты бар, оларды бала түсінеді. Мақсаттар имитациялықтан әдейі, дәлелді түрде дамиды.

Ойын белсенділігін жоспарлау – ойын процесінде оның процедуралық жағы туралы ойлау барысында (іс-әрекеттердің бірізділігі, сюжетті қалыптастыру, рөлдердің жиынтығы, олардың қарым-қатынасы, өзара әрекеттесу ережелері) алдын алу немесе жалғастыру. Бұл компонент толығымен мектеп жасына дейінгі жасқа дейін көрінеді. Ойын үшін балалар өздерінің немесе ересек адамның көмегімен ойыншықтарды, материалдарды, ойын жағдайларын таңдайды.

Ойын әрекеттері – ойынның сюжеті енгізілген әрекеттер, рөлдер орындалады. Әр рөлде негізгі ойын әрекеттерінің өз жиынтығы болады.

Ойынның нәтижесі оң эмоциялар, баланың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру (белсенділік, жағымды эмоциялар, бекіту, қауіпсіздік, қарым-қатынас). Ойын белсенділігін дамытудың тиісті жас деңгейінде ол білім беру, жаттығу, дамушы әсер етеді және әлеуметтік, коммуникативтік, психотерапевтік, түзету, диагностикалық, ойын-сауық функцияларын орындайды.

Ойынның педагогикалық мүмкіндіктері. Ойын түрінде балалар өмірін және қызметін ұйымдастыратын педагог белсенділік пен бастаманы дәйекті түрде дамытады, ойында өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Ойын – бұл символдық әрекет, өйткені ол нақты заттардың орнына символдарды – объектілерді немесе нақтыға еліктейтін әрекеттерді қамтиды. Мысалы ойында сүйікті қуыршақ көңілді немесе қықар балаға айналады. Оны тамақтандыру керек еді, оған ойыншық ыдыстары көмекке келді. Енді тәрелкедегі «тамаққа» арналған ойыншық қасық жоқ еді, оның орнына қолдануға қолында таяқша пайда болды. Мұның бәрі шындық жағдайды алмастыратын объектілер мен символдық әрекеттер. Көптеген ғалымдардың пікірінше, символдарды өз іс-әрекетінде қолдана білу адамның әмбебап қабілеттерінің бірі, және оның дамуы дәл ойында орын алады. Бала осылайша өз ой, қиялы арқылы ойын барысын өзі қалағандай өзгертіп, дамытып отырып ойнайды.

Ойын – баланың толық даму құралы. Ойын барысында бала тұлғасының барлық жақтары бірлік пен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбиесі жүйесінде ойын үлкен орын алады. Балаға оның өміршендігін жақсартуға және оның мүдделері мен әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін белсенді әрекет қажет. Ойындар баланың денсаулығы үшін қажет, олар оның өмірін мағыналы, толық етеді және өзіне деген сенімділікті тудырады. Ойынның тәрбиелік мәні зор, ол ұйымдастырылған іс-әрекетінде оқумен және күнделікті өмірді бақылаумен тығыз байланысты. Шығармашылық ойындарда баланың ақыл-ой қабілеттерін, оның қиялын, зейінін, есте сақтау қабілетін жұмылдыратын білімді меңгерудің маңызды және күрделі процесі жүреді. Рөлдерді ойнау, белгілі бір оқиғаларды бейнелеу барысында балалар олар туралы ойлайды, әртүрлі құбылыстар арасында байланыс орнатады. Ойын есептерін өз бетінше шешуге, жоспарларын жүзеге асырудың оңтайлы жолын табуға, алған білімдерін пайдалануға, сөзбен жеткізуге үйренеді. Көбінесе ойын мектеп жасына дейінгі балаларға жаңа білім беруге және олардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Ересектердің еңбегіне, қоғамдық өмірге, қаһармандардың ерлік істеріне қызығушылықтың дамуымен балалардың болашақ мамандығы туралы алғашқы армандары, сүйікті қаһармандарына еліктеуге деген ұмтылысы пайда бола бастайды. Осының бәрі ойынды мектеп жасына дейінгі балалық шақта қалыптаса бастайтын бала тұлғасының бағытын құрудың маңызды құралына айналдырады.

Ойын – бұл балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасайтын дербес әрекеті. Оларды ортақ мақсат, оған жету жолындағы бірлескен күш-жігер және ортақ тәжірибе біріктіреді, ойын тәжірибесі баланың санасында терең із қалдырады және жақсы сезімдердің, асыл мұраттардың және ұжымдық өмірлік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Педагогтің міндеті – әр баланы ойын тобының белсенді мүшесі ету, балалар арасында достыққа, әділдікке және жолдастарының алдындағы жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас орнату. Балалар ойнайды, өйткені бұл оларға ләззат береді. Сонымен қатар, ойындағыдай қатал ережелер, мінез-құлық жағдайлары болмайды, сондықтан ойын балаларды алға қойған мақсатқа, өз әрекеттерін, сезімдерін және ойларын бағындыруға үйретеді. Ойын үлкендердің еңбегіне деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелейді, балалар әртүрлі мамандық иелерін бейнелейді және сонымен бірге олардың іс-әрекетіне ғана емес, сонымен бірге жұмысқа, адамдарға деген көзқарасына да еліктейді.

Мектепке дейінгі жас – әлеуметтік тәжірибені игерудің бастапқы кезеңі. Бала тәрбиенің әсерінен, қоршаған дүниеден алған әсерлердің әсерінен дамиды. Ол ересектердің өмірі мен жұмысына ерте қызығушылықты дамытады. Ойын – бала үшін ең қолжетімді әрекет түрі, алынған әсерлерді өңдеудің ерекше тәсілі. Бұл оның ойлау қабілетінің, эмоционалдылығының, белсенділігінің көрнекі-бейнелі сипатына сәйкес келеді. Үлкендердің жұмысына, олардың ойындағы мінез-құлқына еліктеп, балалар ешқашан бей-жай қалмайды. Өмірден алған әсерлері олардың бойында сан алуан сезімдерді оятып, кемелер мен ұшақтарды өздері айдап, сырқаттарды емдеу армандарын оятады. Ойын баланың тәжірибесін, өмірге деген көзқарасын ашады. Осылайша, балаларды қоршаған әлеммен танысуға, құрдастарымен қарым-қатынаста белсенді әрекет етуге, үлкендердің өміріне қатысуға, армандарын орындауға деген үмтылыс арқылы ойын ойнауға итермелейді. Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында да ойын балалардың қызығушылық қасиеттерін арттыра түседі. Баланы тәрбиелеп, оқытуды ойын арқылы жүзеге асыру тиімді болуда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бұзаубақова К.Ж. Ойлайық та ойнайық. Оқу құралы. Алматы 2004.
2. Емельянова Т.В., Медяник Г.А. Игровые технологии в образовании: электронное учебно-методическое пособие. –Тольятти: Изд-во ТГУ, 2015.
3. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлшекбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. – Алматы, 2019.
4. Коджаспирова Г. М. Педагогика: учебник для вузов. 4-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2024.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты. – Астана, 2022.
6. Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық практикум. – Алматы: «Қазақ университеті», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. 2020.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19282711>
UDC 378.147.8

ХИМИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ

СЕЙТЖАПАНОВА СӘНИМАЙ

3 курс студенті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
Қазақстан, Қарағанды

КЕМЕЛБЕК ЖАНСУЛУ

3 курс студенті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
Қазақстан, Қарағанды

САДЫКОВ ТИМУР

PhD, профессор ассистенті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті, Қазақстан, Қарағанды

***Аңдатпа.** Мақалада химиялық білім берудегі виртуалды шындық (VR) технологияларын қолданудың мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. VR арқылы виртуалды зертханалар құру, 3D молекулалық визуализация және интерактивті тәжірибелер жүргізу оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, оқу нәтижелерін едәуір жақсартатыны ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жобалар негізінде дәлелденеді. Сонымен қатар, VR-платформаларды қолданудың білім беру процесіндегі тиімділігі, тәжірибе жасаудың қауіпсіздігі мен қолжетімділігі, теориялық түсініктерді практикалық тұрғыда бекітуге қосқан үлесі талданады. VR технологиялары оқушылардың оқу мотивациясын, өзара әрекеттесуін және сыни ойлау қабілетін арттыруға, сондай-ақ күрделі химиялық ұғымдарды визуалды түрде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар заманауи химиялық білім беруде инновациялық, тиімді және оқушыларға тартымды әдіс ретінде ұсынылады.*

***Кілт сөздер:** виртуалды шындық, VR технологиясы, химиялық білім беру, виртуалды зертхана, 3D визуализация, оқу мотивациясы.*

Кіріспе. Виртуалды шындық - ақпарат технологиясы арқылы уақыт-кеңістік континуумы адам қалауына сай өзгертуден қалыптасқан жаңа жасанды елес әлемі [1]. Білім беру саласында виртуалды шындық технологиясы қазіргі заманның инновациялық үрдістерінің біріне айналуда. Әсіресе химия сияқты абстрактілі ғылым саласында молекулалардың құрылымдарын және күрделі химиялық реакцияларды көзбен көре алмау қиындық туғызады. Сондықтан VR арқылы оқыту материалын иммерсивті жағдайда ұсынып, студенттердің түсінігін арттыруға мүмкіндік болады [2,3]. VR оқытудың үш өзекті тұжырымдамасы, келу сезімі, өзара әсерлесу және түгелдік. Бұл білім алу процесін толықтай ену мен тәжірибе алуға мүмкіндік береді [3]. Химия саласындағы білім беру барысында VR құралдарын қолданудың негізгі мақсаты, күрделі ұғымдарды нақты өмірдегі мысалалармен байланыстырып, білім алушылардың қызығушылығын және түсінігі деңгейін көтеру [1,4].

Виртуалды шындықты химия пәнінде қолдану әдістері

VR- технологиясы химия пәні бойынша түрлі әдістермен жүзеге асады. Алдымен виртуалды зертханалар жасалады, онда білім алушылар нақты құрал-жабдықтарды қажет етпей, бейне симуляциялар түрінде тәжірибе жасай алады [5]. Мысалы, VRLab Academy сияқты платформаларда 240-тан астам химиялық тәжірибе виртуалды әлемде орындалады. Осылайша білім алушыларға қауіпсіз және қолжетімді ортада күрделі тәжірибелерді орындайтын мүмкіндік беріледі [6,7].

Тағы бір әдіс түрі - 3D молекулаларды және реакциялар құрылымын визуализациялау. ClassVR сияқты құрылғылар молекулаларды тұрмыстық заттар секілді елестетуді, үлкейтіп қарауды немесе элементтердің құрылымын түсінуді жеңілдетеді. Мәселен, AR Cube арқылы

оқушы қолға ұстап тұрған заттың атомдық құрылымын байқап көреді [8]. Осы әдістер арқылы теориялық химиялық түсініктерді нақты бейнеге айналдырып, оқу үдерісін тәжірибеге жетектейміз.

Бірлескн жұмыс негізінде ВР-ды қолдану да кең таралуда. Оқушылар топ болып виртуалды зертханаларда бірге жұмыс жасап, сөйлесіп әрі пікірлесіп отырады. Мұнда әрбір оқушының рөлі белгіленіп, зерттеу үдерісі симуляция арқылы ұйымдастырылады. Бұл әдіс коммуникативті дағдыларды дамытуға, сыни тұрғысынан ойлауға және ұжымдық шешім қабылдауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, химия пәнінде кеңейтілген шындық (AR) құралдары қолданылуда. Оқушылар смартфон немесе планшеті бар кезде, қосымша ақпараттарды және 3D мәліметтерді көре алады. Мысалы, BilimLand платформасындағы ВР-симуляторлар арқылы химия пәніндегі күрделі тақырыптарды қарапайым тілге аударады және оқушыларды оқуға ынталандырады. Оқу құралы ретінде симуляторлар мен жаттығу құралдарының жиынтығы оқушыларға өздігімен немесе мұғалімнің басшылығымен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Осы арқылы оқыту процесін әрі қарай жетілдіруді ұсынады, оған қоса, оқушыларға оқу материалын тәжірибе жүргізу арқылы бекітуге жағдай жасайды [9].

Қорытындылай келе, химия пәнінде ВР осылай жүзеге асырылады: виртуалды зертханалар мен симуляторлар, молекулалық және нәтижелі визуализация, интерактивті топтық эксперименттер және AR-технологиясының құралдары. Барлық тәсілдердің мақсаты бір, олар арқылы оқу қызықты әрі көрнекі болып, теорияны практикалық тұрғыда көрсетіледі.

Оқушылардың қызығушылығы мен оқу жетістігіне әсері. Оқушылардың оқу мотивациясы мен белсенділігі ВР-ақпараттық технологиялары арқылы жоғары болатыны зерттеулерде анықталған. Бұл технологиялық әлемде молекулаларды және олардың реакцияға түсуін тікелей көру және талдау, ұғымдарды жылдам меңгеруге және оқытудың қызықты өтуіне алып келеді. Мысалы, *Journal of Chemical Education* журналында Rienke van Dinther, Lotte de Putter және Birgit Pepin (2023) жүргізген зерттеуде иммерсивті виртуалды шындық технологиясын қолданған оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығы артқаны және пәнді әрі қарай тереңірек оқуға ынтасы жоғарылағаны анықталған [3].

Практикада да ВР-дың пайдасы мол. Ресейлік пилоттық жобада (шамамен 500 мектеп оқушысы) ВР-да химиялық тәжірибе жасаған балалардың ҰБТ мен ОГЭ нәтижесі жоғары болғаны көрсетілген. Қашықтықта орналасқан зертханалық мүмкіншілігі төмен балаға ауыл мектебінде ВР (виртуалды зертханасы) қолжетімді болып, ол қауіпсіз жерде күрделі химиялық тәжірибе жасай алған [9]. Мұндай пилоттық нәтижелер оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқанын және емтиханға дайындықтың жоғарылағанын көрсеткен.

Зерттеулерде ВР-дың оқу нәтижелеріне әсері де оң жаққа бағаланған. Мысалы, виртуалды зертханамен жұмыс жасаған студенттер лекциямен оқығандарға қарағанда 40, 50% көбірек дұрыс жауап бергені табылған. Басқа зерттеулерде де виртуалды зертхананың кәдімгі зертханамен салыстырғанда оқу жетістігіне әсері статистикалық маңыздылығын көрсетілген (нақты зертхана және ВР-зертханасында жұмыс жасаған студенттер ұқсас деңгейде нәтиже көрсеткен) [2,3]. Осылайша, ВР құралдарын қолдану дәстүрлі оқытумен салыстырғанда оқушылардың оқу жетістігін жақсартуға ықпал етеді және мұғаліммен жүргізілетін тек теориялық дәріс оқудан тиімдірек екенін көрсетеді.

Тағы бір маңызды оң әсер, оқушылардың қауіпсіздік пен қорқыныш сезімінен арылуы. ВР- виртуалды зертхана қауіпті реактивтер мен аппараттарды қолданбай-ақ тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Бұл химияға жаңа келген оқушылар арасында сенім қалыптастыруға, пәнге деген қорқынышты төмендетуге, қызығушылықты арттыруға көмектеседі.

Сонымен, виртуалды шындық арқылы оқыту оқушылардың қызығушылығын жандандырып, қауіпсіз ортада тәжірибе жасауға мүмкіндік бергендіктен оқу нәтижесін жақсартатын тиімді әдіс ретінде қалыптасқан.

Қолданыстағы виртуалды шындық платформалары мен құралдары. Химия сабағында қолданылатын кейбір танымал ВР-платформаларға мыналар жатады:

- *VRLab Academy* - интернационалдық платформа, онда биологиядан бастап физикаға дейін 240-тан астам ғылыми тәжірибені VR режимінде орындауға болады. Оқушылар кез келген құрылғыда (стационарлық компьютер немесе VR-гарнитура) тәжірибе жасап, білімді интерактивті түрде меңгереді.

- *ClassVR* - мектептерге арналған VR-дың шешімі. Химия модульдері молекулярлық құрылымды 3D түрде зерттеуге, виртуалды шындық арқылы абстрактілі ұғымдарды қолмен ұстап көрсетуге арналған. Мәселен, бұл жүйе «AR Cube» көлемінде химиялық элементтің моделі ұстап қарауға мүмкіндік береді.

- *Labster* - университеттер мен мектептерге арналған виртуалды зертханалар жүйесі. Оның симуляциялары нақты зертханалық ортаны имитациялап, білім алушыларға компьютерде тәжірибе жасап, ғылым түсініктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Labster қолданған оқушылардың бағалары орташа бір деңгейді (C-дан B+ деңгейге дейін) көтерілгені және 93%-ы тәжірибе оң болғаны анықталған.


- *PhET Interactive Simulations, ChemCollective, веб-негізіндегі химиялық симуляциялар*: оқушылар реакциялардың механикасын және молекулалардың өзара әрекетін виртуалды ортада бақылай алады. Олар жеке және топтық жұмыстарға пайдаланылып, теорияны нақты іске асыруға жол ашады.

- *MergeCube, Google Expeditions, VR/AR құралдары*: MergeCube пирамида тәрізді құрылғысы арқылы 3D объектілерді (мысалы, молекулаларды) айналдырып қарауға болады. Google Expeditions оқушыларды 360° бейнежазбалар арқылы виртуалды экскурсияларға апарып, химиялық зауыттар мен зертхана көріністерін ашуға мүмкіндік береді.

- *Қазақстандық жүйелер*: BilimLand білім платформасы виртуалды зертхана курстарын ұсынады. Оның симуляторлары күрделі концепцияларды қарапайым тілде түсіндіреді және оқушыларды ынталандырады. Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы инклюзивті білім беру бағытында VR зертхананы таныстырды (баспасөз хабарламалары бар).

Осы аталған құралдар химияны оқытуда қолданылып, сабақтарды ғылымдық зерттеу ортасына айналдырады. Әрбір жүйенің мақсаты - оқушыларға тәжірибе жасауды қауіпсіз әрі қызықты ету, түсінуге көмектесу және білім сапасын арттыру.

Ғылыми зерттеулер мен практалық мысалдар. Виртуалды шындықтың тиімділігі ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Химиядан өткен зерттеулерде виртуалды зертханалар қолданысы оқу нәтижелерін жақсартатыны анықталды. Мысалы, Эфиопиядағы Dilla University университетінде Hiwot Bazie және Bekele Lemma, Anteneh Workneh және Ashebir Estifanos (2024) жүргізген квази-эксперименттік зерттеуде 60 химия студенті нақты зертхана, виртуалды зертхана және дәріс топтарына бөлінді. Зерттеу нәтижесі бойынша виртуалды зертханада оқыған студенттер дәріс арқылы оқыған студенттерге қарағанда жоғары нәтижелер көрсеткен. Атап өткен зерттеу *JMIR Formative Research* журналында виртуалды зертханалардың химияны оқытуда тиімді әдіс екенін дәлелденді [2].



1-сурет. Ғылыми зерттеулер мен практалық мысалдар

Практикалық жағынан, Қазақстанда және шетелде пилоттық тапсырыстар жүзеге асқан. Мысалы, Ресейде өткізілген білім Академиясы жобасында қашықтықтағы ауыл мектебіндегі балалар ВР-зертхана арқылы тәжірибе жасаған соң пәнге қызығушылығы көтерілгенін, емтиханға дайындық сапасының артқанын айтқан. Қазақстанда BilimLand платформасы мектептерге ВР-симуляторлар енгізіп, оқушылардың ғылыми-зерттеу қабілетін дамытуға үлес қосуда [9]. Оған қоса, Шымкент қаласында аралас шындық (MR/VR) жағдайында молекула зерттеу құрылғысы бойынша кафедралық зерттеулер жүргізіліп жатыр (республикалық білім орталықтарының хабарлары бойынша).

Осы ғылыми және практалық мысалдар виртуалды шындықты химия оқытуда әдіс-тәсіл ретінде белсенді қолданудың нәтижелері оң екенін көрсетеді. ВР оқытудың қауіпсіздігі мен иммерсивтілігі білім алу процесін жаңаша түрге түсіріп, оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, күрделі химиялық ұғымдарды меңгеруге көмектеседі.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, виртуалды шындық химия білім берудің тиімділігін арттыратын перспективті технология болып табылады. Бұл тәсіл оқу материалын практикалық тұрғыда ұсыну, күрделі концепцияларды көзбен көру арқылы түсіндіру, және эксперименттерді қауіпсіз орындау арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. ВР-платформалары (мысалы, VRLab, ClassVR, Labster, PhET және т.б.) химияны ойын-сауықтық емес, ғылыми зерттеу ортасына айналдырады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, виртуалды зертханалар арқылы білім алған оқушылардың оқу жетістігі дәстүрлі әдіспен оқитындарға қарағанда жоғары немесе тең деңгейде болып, мотивациясы мен сенімділігі артады.

Алдағы уақытта химия пәнінде ВР-ды одан әрі дамыту үшін техникалық базаны нығайтып, мұғалімдерге арнайы оқыту жүргізу қажет. Сонымен қатар қазақстандық оқыту ортасы үшін локализацияланған интерактивті VR-курстарды әзірлеу маңызды. Пайдаланылған зерттеулерге сәйкес, ВР технологияларын мұғалімдердің оқу процесіне жүйелі түрде енгізуі оқыту сапасын жаңа белеске көтереді. Болашақта ВР көмегімен алынған нәтижелерді өлшеу әдістемелері мен оқыту стратегияларын жетілдіру, ғылым мен практикада маңызды бағыт болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Виртуалды шындық // Уикипедия: ашық энциклопедия. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Виртуалды_шындық (қолданылды: 2026 ж.).
2. Bazie H., Lemma B., Workneh A., Estifanos A. The Effect of Virtual Laboratories on the Academic Achievement of Undergraduate Chemistry Students: Quasi-Experimental Study // JMIR Formative Research. – 2023.
3. Van Dinther R., de Putter L., Pepin B. Features of Immersive Virtual Reality to Support Meaningful Chemistry Education // J. Chem. Educ. – 2023. – Vol. 100. – P. 1537–1546.
4. Битемірова А.Е., Мүталиева Ш.Ж. VR технологиясын химия сабағында қолдану зерттеулеріне шолу // Ғылым мен білім. – 2021. – №3(72).
5. Labster. Virtual Labs for STEM Learning. – URL: <https://www.labster.com>
6. VRLab Academy. Interactive Virtual Labs for Science. – URL: <https://www.vrlabacademy.com>
7. ClassVR. VR resources for Chemistry. – Avantis Education Ltd. – URL: <https://www.classvr.com>
8. PhET Interactive Simulations. Chemistry simulations. – URL: <https://phet.colorado.edu>
9. BilimLand. Виртуалды зертхананың артықшылықтары. – URL: <https://bilimland.kz>

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19282865>
UDC 378.147.8

THE APPLICATION OF THE METHOD CASE STUDY WITH AI FOR THE DEVELOPMENT OF SCIENCE LITERACY

ASSYLBEK ABAI

3rd-year student, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan

ABILEVA ASSEL

3rd-year student, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan

RENATOVA ASSIYA

3rd-year student, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan

SADYKOV TIMUR

PhD, Assistant professor, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda,
Kazakhstan

Annotation: *The study explores the integration of the case-study method with artificial intelligence (AI) to design assessment tasks aligned with the international and national evaluation frameworks. The paper analyses the process of forming contextual tasks, which includes creating source material for assignments, modifying their level of difficulty, and adapting tasks to the individual characteristics and needs of students.*

Keywords: *scientific literacy, artificial intelligence, case study, contextual tasks.*

Introduction. The modern education system is undergoing a profound digital transformation, in which artificial intelligence (AI) is not just a technical tool, but a fundamental teaching resource [2]. The use of AI allows for a fundamental revision of approaches to the design of educational content and diagnostic tools [3]. This issue is particularly relevant in the context of developing students' scientific literacy, which is assessed in international comparative studies (PISA) and the national Monitoring of Educational Achievements of Students (MODO) in Kazakhstan. The assessment instruments used in these studies involve a transition from traditional reproductive learning to solving contextual tasks, which simulate real-life situations [2].

Theoretical foundations for developing international and national evaluation tasks

Science literacy is considered to be the learner's ability to explain phenomena scientifically, interpret data, and use scientific evidence to make decisions [3]. The design of such tasks is based on three key competencies:

- Scientific explanation of phenomena: the requirement to apply relevant scientific knowledge.
- Interpretation of data and using evidence: the ability to transform data from one form to another and draw conclusions.
- Application of natural science research methods: understanding the characteristics of scientific inquiry.

The case study method is the most suitable tool for developing these competencies, because it promotes the integration of theoretical knowledge into a practical context [4]. The main characteristics of the method case study the educational measurement system includes:

- Availability of stimulus material: textual, graphic, or tabular information that sets the context.
- Problem-centeredness: the presence of a contradiction or issue requiring an evidence-based solution.
- Multi-level structure: questions at various cognitive levels (from simple information retrieval to critical evaluation).

- Interdisciplinarity: drawing on knowledge from physics, chemistry, biology, and geography in a single scenario [5].

The purpose of this article is to explore the design of case-based tasks, where AI facilitates the automatic generation of materials for assignments.

Method and materials. This study employed modern pedagogical approaches and digital technologies, including artificial intelligence. The study was based on the modelling method, during which generative AI was used to develop contextual tasks and real-life learning situations. This made it possible to: vary the level of difficulty of tasks; adapt teaching materials for different students; consider the individual characteristics of the learning process.

Particular attention was given to developing clear assessment schemes (verification criteria), which ensured the objectivity of the assessment and helped students identify their errors. Thus, the study combined the automatic creation of tasks using AI with mandatory pedagogical expertise from specialists. Integrating AI into the case study preparation process addresses the issue of the problem of a lack of reliable, real-life materials for assignments [5]. AI is capable of generating detailed scenarios tailored to regional or global contexts, as well as formulating questions aimed at specific competencies (for example: requesting interpretation of correlations between variables).

Example task-1: Research on the quality of drinking water in rural areas. Water samples were taken from centralized water supply sources in three villages in the Akmola region. The results of the chemical analysis are presented in the table 1:

Table 1. Water Quality Indicators by Village

Indicator (mg/l)	Maximum permissible concentration (MPC)	Village A	Village B	Village C
Total iron	0.3	0.8	0.2	1.2
Nitrates	45	32	41	78
Sulfates	500	420	510	480
Overall stiffness	7.0	6.5	8.2	7.8

Tasks:

1. Compare the water quality indicators in the three villages with the maximum permissible concentrations (MPC).

2. Determine which village has water that is unfit for drinking based on the highest number of indicators.

3. Formulate a conclusion about the possible causes of pollution.

4. The elevated nitrate content in the water in village B may be related to the use of nitrogen fertilizers on adjacent agricultural fields.

5. Based on your knowledge of the nitrogen cycle in nature, explain how fertilizers enter the groundwater.

6. Suggest two methods for purifying water with elevated iron content (for villages A and B). Describe the chemical processes.

Artificial intelligence technologies enable the implementation of dynamic scaffolding, which involves providing individualized support to students. When working with a case, AI can:

- Vary the complexity of the data (for example, simplify the table or add redundant information to test the ability to filter data).

- Provide leading hints for students with lower proficiency levels, without giving a direct answer.

- Generate personalized learning paths by adapting case content to the student's interests (ecology, medicine, technology) while maintaining the same level of difficulty and cognitive load.

- Compare the student's answer with the descriptors in the assessment scheme.

- Provide prompt feedback in the form of formative assessment, pointing out specific gaps in the student's evidence base.

- Reduce the routine workload on teachers when checking large-scale monitoring assignments [3].

The process of implementing AI requires strict control by an expert educator to prevent neural network “hallucinations” and ensure scientific accuracy [4] (table 2).

Table 2. Opportunities vs. Risks of Using AI in Task Design

AI capabilities	Risks and limitations
High speed of generating unique, reliable materials and scenarios	The need for mandatory verification for factual errors
Personalization of complexity and use of scaffolding tools	The risk of forming incorrect logical connections in complex scientific contexts
Automated checking of answers based on detailed marking schemes	Ethical considerations and the need to ensure student data confidentiality
Scalability: creating multiple variants of equivalent complexity	Requirements for teachers' digital competence to correctly formulate prompts

Conclusion. The use of artificial intelligence in the development of national evaluation format case studies is a powerful factor in the fostering of scientific literacy. The effectiveness of educational measurement systems is enhanced by employing a “hybrid model” that combines the generative potential of AI with pedagogical expertise. AI enables the automated creation of complex stimulus materials (tables, graphs, situation descriptions), which is critical for international and national evaluation frameworks. The introduction of AI-based automated evaluation contributes to the implementation of high-quality formative assessment and timely addressing knowledge gaps. Pedagogical validation remains a key stage in the design process, ensuring scientific accuracy and the alignment of tasks with students' cognitive levels.

REFERENCES:

1. Nguyen T.N.T., Lai N.V., Nguyen Q.T. Artificial Intelligence (AI) in Education: A Case Study on ChatGPT's Influence on Student Learning Behaviors // *Universite Park*. – 2024. – Vol. 13, № 2. – P. 105-121. – URL: <https://www.cceol.com/search/article-detail?id=1256337>
2. Медведев Александр Владимирович, Головятенко Татьяна Альбертовна, Подымова Людмила Степановна Роль Искусственного Интеллекта в современной системе высшего образования // *Высшее образование сегодня*. 2022. №3-4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-iskusstvennogo-intellekta-v-sovremennoy-sisteme-vysshego-obrazovaniya>
3. Чулюков Владимир Алексеевич, Дубов Владислав Михайлович Искусственный интеллект и будущее образования // *Современное педагогическое образование*. 2020. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/iskusstvennyy-intellekt-i-budushee-obrazovaniya>
4. Константинова Л. В., Ворожихин В. В., Петров А. М., Титова Е. С., Штычно Д. А. Генеративный искусственный интеллект в образовании: дискуссии и прогнозы // *Открытое образование*. 2023. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/generativnyy-iskusstvennyy-intellekt-v-obrazovanii-diskussii-i-prognozy>
5. Naeem M., Thomas L. Case study research and artificial intelligence: A step-by-step process to using ChatGPT in the development of case studies in qualitative research // *International Journal of Qualitative Methods*. – 2025. – Т. 24. – С. 16094069251371478.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19282974>

БАСКЕТБОЛ ПӘНІ БОЙЫНША СПОРТШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ӘДІСТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

ЗЕЙНОЛДА АҚЖАН МУРАТҰЛЫ

«Жаратылыстану педагогикасы және дене шынықтыру» кафедрасы

2 курс магистранты

Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,

Алматы қ. Қазақстан

Аннотация: Баскетбол спорты бойынша спортшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға дене шынықтыру әдістерінің әсері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі заманғы спорттағы жоғары бәсекелестік жағдайында баскетболшылардың техникалық, тактикалық, физикалық және психологиялық дайындығы негізгі көрсеткіш болып табылады. Зерттеу барысында дене шынықтырудың жалпы және арнайы әдістерін жүйелі қолданудың кәсіби дағдыларды дамытудағы тиімділігі анықталды.

Түйін сөздер: баскетбол, дене шынықтыру, кәсіби дағдылар, спорттық дайындық, жаттығу әдістері.

Abstract: This article examines the impact of physical training methods on the development of professional skills in basketball players. In the context of modern competitive sports, a basketball player's technical, tactical, physical, and psychological preparedness is a key factor for achieving high performance. The study investigates the effectiveness of both general and specialized physical training methods in improving players' professional skills. The research results demonstrate that a systematic and integrated approach to physical training significantly enhances technical accuracy, tactical decision-making, endurance, and overall performance in basketball players.

Баскетбол – жоғары қарқынмен өтетін, спортшылардан жылдамдықты, ептілікті, дәлдікті және тактикалық ойлауды талап ететін командалық спорт түрі. Қазіргі баскетболда ойын динамикасының артуы спортшылардың кәсіби дағдыларына қойылатын талаптарды күшейтуде. Осыған байланысты жаттығу үдерісінде дене шынықтыру әдістерін ғылыми негізде қолдану ерекше маңызға ие. Дене шынықтыру әдістері спортшылардың қозғалыс қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың техникалық элементтерді дұрыс орындауына, ойын жағдайында тез шешім қабылдауына және командалық әрекеттерге бейімделуіне ықпал етеді. Сондықтан баскетболшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру мәселесі ғылыми тұрғыда зерттеуді қажет етеді. Зерттеудің мақсаты – баскетболшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға дене шынықтыру әдістерінің әсерін анықтау және олардың тиімділігін дәлелдеу. Қазіргі таңда баскетбол спорты жоғары қарқынмен дамып келе жатқан, үлкен физикалық және психологиялық жүктемені талап ететін спорт түрлерінің бірі болып табылады. Ойын барысында спортшылардан жылдамдық, ептілік, дәлдік, күш, төзімділік және тактикалық ойлау қабілеті қатар талап етіледі. Сондықтан баскетболшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру мәселесі спорттық дайындық жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Баскетболдағы кәсіби дағдылар тек техникалық элементтерді меңгерумен шектелмейді. Ол спортшының қозғалыс мәдениетін, ойын жағдайында тез шешім қабылдауын, командамен өзара әрекеттесуін және психологиялық тұрақтылығын қамтиды. Осы дағдыларды тиімді қалыптастыруда дене шынықтыру әдістерінің орны ерекше. Дене шынықтыру әдістері арқылы спортшылардың физикалық мүмкіндіктері дамып, техникалық әрекеттерді орындау сапасы жақсарады. Сонымен қатар, дұрыс ұйымдастырылған жаттығу үдерісі спортшылардың кәсіби деңгейге көтерілуіне жағдай жасайды. Осыған байланысты аталған тақырыптың ғылыми-практикалық маңызы жоғары. Қазіргі таңда спорт саласының қарқынды дамуы спортшылардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды едәуір

күшейтуде. Әсіресе командалық спорт түрлерінің ішінде баскетбол ойыны жоғары қозғалыс қарқынымен, жылдам өзгеретін ойын жағдайларымен және тактикалық ойлаудың күрделілігімен ерекшеленеді. Осыған байланысты баскетболшылардың кәсіби дағдыларын тиімді қалыптастыру мәселесі дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесінде маңызды ғылыми-практикалық бағыттардың бірі болып саналады. Баскетбол ойынында спортшыдан тек жоғары физикалық дайындық қана емес, сонымен қатар техникалық шеберлік, тактикалық сауаттылық, психологиялық тұрақтылық және командалық өзара әрекеттестік талап етіледі. Бұл дағдылардың барлығы ұзақ мерзімді, жүйелі және ғылыми негізделген жаттығу үдерісі арқылы қалыптасады. Аталған үдерісте дене шынықтыру әдістерінің рөлі ерекше, себебі олар спортшылардың қозғалыс қабілеттерін дамытып қана қоймай, ойын барысында тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Дене шынықтыру әдістері спортшылардың кәсіби қалыптасуында негізгі құрал ретінде қарастырылады. Жалпы және арнайы дене дайындығы, ойын, жарыстық, интервалдық және қайталау әдістерін мақсатты түрде қолдану баскетболшылардың физикалық сапаларын (жылдамдық, күш, төзімділік, ептілік) дамытуға, сондай-ақ техникалық-тактикалық әрекеттерді жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдістер спортшылардың ойын жағдайында дұрыс шешім қабылдау қабілетін арттырып, психологиялық төзімділігін қалыптастырады. Қазіргі таңда баскетбол жаттығу жүйесінде дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық әдістерді енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл өз кезегінде дене шынықтыру әдістерінің тиімділігін ғылыми тұрғыда зерттеуді талап етеді. Әсіресе жасөспірім және жас спортшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру кезеңінде жаттығу әдістерін дұрыс таңдау олардың болашақ спорттық жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты баскетбол пәні бойынша спортшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға дене шынықтыру әдістерінің әсерін зерттеу өзекті болып табылады. Зерттеу нәтижелері жаттықтырушылар мен дене шынықтыру пәні оқытушылары үшін тәжірибелік маңызға ие болып, оқу-жаттығу үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің міндеттері:

- баскетбол спортындағы кәсіби дағдылардың мазмұнын ашу;
- дене шынықтыру әдістерінің түрлерін сипаттау;
- жаттығу үдерісінде қолданылатын әдістердің тиімділігін талдау;
- баскетболшылардың кәсіби дайындығын жетілдіруге арналған әдістемелік ұсыныстар ұсыну.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық негізін дене шынықтыру және спорт теориясы саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Атап айтқанда, спорттық дайындықтың кезеңдік құрылымы, кәсіби дағдыларды қалыптастырудың педагогикалық қағидалары және спорттық жаттығу теориясы басшылыққа алынды. Әдіснамалық негіз ретінде жүйелілік, бірізділік, даралау және қолжетімділік қағидалары қолданылды. Бұл қағидалар баскетболшылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жаттығу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық негізін спорттық жаттығу теориясы, дене шынықтыру және спорт педагогикасы саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Спортшыларды даярлауда кезеңділік, жүйелілік және бірізділік қағидалары басшылыққа алынды. Әдіснамалық негіз ретінде даралау, қолжетімділік, біртіндеп күрделендіру және кешенділік қағидалары қолданылды. Бұл қағидалар баскетболшылардың жас ерекшеліктері мен физикалық дайындығын ескере отырып, жаттығу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Кәсіби дағдылар – спортшының спорттық әрекеттерді сапалы орындауға қажетті техникалық, тактикалық, физикалық және психологиялық қабілеттерінің жиынтығы. Баскетболда бұл доппен жұмыс жасау, пас беру, лақтыру, қорғаныс және шабуыл тактикасын тиімді қолдану сияқты элементтерді қамтиды. Дене шынықтыру әдістерін дұрыс таңдау және қолдану спортшылардың кәсіби деңгейін жоғарылатуға, жарақат алу қауіпін азайтуға, сондай-ақ ойын барысында дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамытуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ,

қазіргі спорт педагогикасы мен теориясы көрсеткендей, кәсіби дағдыларды дамытуда тек жеке элементтерге емес, кешенді тәсілге баса назар аудару қажет. Жаттығу үдерісінде ойын әдістерін, жарыстық әдістерді, интервалдық және қайталау жаттығуларын үйлестіріп қолдану спортшылардың техникалық және тактикалық шеберлігін бір уақытта дамытуға мүмкіндік береді.

Ғылыми жаңалығы

1. Баскетболшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруда дене шынықтыру әдістерінің кешенді тәсілін қолданудың тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденді.

2. Тәжірибелік зерттеу барысында дәстүрлі және инновациялық әдістердің спортшылардың техникалық, тактикалық және психофизиологиялық дайындығына әсері салыстырмалы түрде көрсетілді.

3. Жаттығу үдерісіндегі әдістерді үйлестіру тәсілі спортшылардың кәсіби әрекетке бейімделуін, ойын жағдайында жылдам және дұрыс шешім қабылдау қабілетін арттыруда жаңа үлгі ретінде ұсынылды.

Практикалық маңызы

1. Зерттеу нәтижелері баскетбол жаттықтырушыларына кәсіби дағдыларды жүйелі қалыптастыруға арналған нақты әдістемелік ұсынымдар береді.

2. Тәжірибе көрсеткендей, ойын және жарыстық әдістерді кешенді қолдану жаттығу бағдарламасын тиімді етеді және спортшылардың нәтижелерін едәуір жақсартады.

3. Алынған мәліметтер басқа командалық спорт түрлеріне де бейімделіп, кәсіби дағдыларды дамыту процесін жетілдіруде қолданылуы мүмкін.

Бүгінгі мектеп оқушысы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдап, салыстырып, өз тұжырымын шығара алатын зерттеуші тұлға болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектке негізделген интерактивті карталар, динамикалық графиктер мен визуалдық платформалар оқу процесін белсенді, дербес және зерттеушілік бағытта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұқанова Н.Т. цифрлық педагогика мен жасанды интеллекттің білім беру процесінде қолданылуын қарастырып, AI құралдарының оқушылардың дербес ойлау, ақпаратты талдау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуда маңызды екенін атап көрсетеді [1]. Зерттеуші атап өткендей, AI технологиялары оқыту үдерісін интерактивті және зерттеушілік бағытта ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл әсіресе география сабағында демографиялық өзгерістерді визуализациялау кезінде тиімді. OECD зерттеуінде білім беру саласында AI-дың қолданылуының мүмкіндіктері мен шектеулері қарастырылған. Авторлар атап өткендей, жасанды интеллект оқушылардың дербес зерттеу қабілеттерін, ақпаратты талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамытады, бірақ этикалық, техникалық және педагогикалық мәселелерді ескеру қажет [2]. Мұндай тәсіл

оқушылардың күрделі демографиялық көрсеткіштерді – халық санының өсу қарқынын, көші-қон ағындарын, урбанизация деңгейін, жас құрылымын – нақты деректер арқылы түсінуіне жағдай жасайды.

Педагог-ғалым Н.Е. Жанабаева атап өткендей, «жасанды интеллект технологиялары білім алушылардың аналитикалық және зерттеушілік ойлауын дамытуда ерекше рөл атқарады, себебі ол тек ақпаратты ұсынбайды, оны талдап, жаңа қорытындылар жасауға жетелейді» [3]. Мәселен, Google Earth Engine немесе Tableau AI платформаларын пайдалану арқылы мұғалімдер белгілі бір елдің немесе аймақтың халық саны динамикасын бірнеше онжылдық бойынша көрнекі түрде көрсете алады. (Сурет-1) Бұл тәсіл оқушыларға демографиялық процестердің себеп-салдарлық байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді.



Сурет-1. Google Earth Engine және Tableau AI платформалары

Құрманова Г.Т. географияны оқытуда визуализация тәсілдерінің тиімділігін қарастырып, визуализация оқушылардың күрделі әлеуметтік-экономикалық және табиғи құбылыстарды түсінуін жеңілдететінін атап көрсетеді. Ол деректерді логикалық құрылымда талдауға мүмкіндік беріп, сабақтың көрнекілігін арттырады [4]. Осы тұрғыдан алғанда, демографиялық өзгерістерді көрсету үшін AI құралдарын қолдану сабақтағы визуализацияны жаңа деңгейге көтереді. Демографиялық өзгерістерді түсіндіру барысында AI құралдары статистикалық мәліметтерді автоматты түрде өңдеп, визуалды формада ұсына алады. Мысалы, Microsoft Power BI, Flourish, Datawrapper сияқты бағдарламалар халық санының жыныстық және жас құрылымын, урбанизация қарқынын, туу және өлім деңгейін диаграммалар мен инфографика түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар оқушылардың деректермен жұмыс жасау, графикалық талдау және нәтижені түсіндіру дағдыларын жетілдіреді. Оқу процесін жандандыру мақсатында мұғалімдер AI негізіндегі интерактивті тапсырмалар құра алады. Мысалы, «AI-Data Explorer» бағдарламасы арқылы оқушылар белгілі бір елдің халық саны бойынша болашақтағы өзгерістерді модельдей алады. Бұл әдіс оқушыларды ғылыми болжам жасауға және деректер негізінде шешім қабылдауға үйретеді. Төмендегі кестеде география сабағында қолдануға болатын кейбір танымал AI құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктері кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1. География сабағында қолданылатын кейбір AI құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндіктері

№	AI құралы	Қолданылу мақсаты	Географияда қолдану үлгісі
1	Google Earth Engine	Геокеңістіктік деректерді талдау және визуализация	Халық тығыздығын, көші-қон карталарын жасау
2	Tableau AI	Статистикалық деректерді интерактивті графикке айналдыру	Туу мен өлім көрсеткіштерінің динамикасын көрсету
3	Flourish Studio	Интерактивті инфографика мен карталар құру	Елдер бойынша урбанизация деңгейін салыстыру

4	ChatGPT (OpenAI)	Ақпараттық талдау, түсіндіру және сценарий құрастыру	Демографиялық үрдістерді талдауға арналған түсіндірме мәтіндер дайындау
5	Power BI	Үлкен көлемдегі деректерді біріктіру және талдау	Аймақтар бойынша халық санының өзгерісін салыстыру

Осындай құралдардың көмегімен география сабағы деректерге негізделген зерттеу алаңына айналады. Оқушылар демографиялық өзгерістерді тек мәтіндік сипаттамалар арқылы емес, нақты деректерді көзбен көріп, логикалық тұрғыда пайымдай алады. Мысалы, Қазақстандағы демографиялық жағдайды қарастырғанда AI құралдары оқушыларға соңғы 30 жыл ішіндегі халық санының өсуін, қала мен ауыл халқының қатынасын және көші-қон бағыттарын нақты карта түрінде көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай визуализация география сабағының ғылыми-тәжірибелік бағытын күшейтіп, деректерге сүйенген дәлелді ойлау мәдениетін қалыптастырады.

Зерттеуші А.Б. Рамазанова өз еңбегінде: «AI технологияларын пайдалану географиялық үрдістерді модельдеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың болжам жасау қабілетін дамытады» деп атап өтеді [5]. Осы тұрғыдан алғанда, демографиялық тақырыптарды оқытуда AI тек ақпарат көзі емес, оқу-зерттеу құралы ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолдану мұғалімнің әдістемелік шеберлігін де жаңаша бағытта дамытады. Педагог материалды тек түсіндіруші рөлінде емес, оқушылардың дербес ізденісін бағыттаушы ретінде көрінеді. М.Ж. Жадрина мен С.Т. Қалиева атап өткендей, тұлғаға бағытталған оқыту білім алушының жеке қабілетіне және тәжірибесіне сүйене отырып, оқу процесін дараландыруға мүмкіндік береді [6]. Демек, AI технологиялары осы дараландыруды жүзеге асыратын нақты тетікке айналып отыр.

Білім беру саласында AI-дың қолданылуы оқушылардың когнитивтік белсенділігін, зерттеушілік мәдениетін, деректермен жұмыс істеу және визуалды пайымдау дағдыларын дамытады. Бұл тәсіл дәстүрлі сабақтарды интерактивті, тәжірибеге бағытталған және деректерге сүйенген форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, география сабағында демографиялық өзгерістерді визуализациялау барысында AI құралдарын пайдалану – заманауи білім берудің инновациялық бағыты. Ол оқушылардың аналитикалық ойлауын, кеңістіктік қиялын, логикалық және зерттеушілік қабілеттерін арттырумен қатар, пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Мұғалім үшін бұл технологиялар – күрделі деректерді қарапайым және көрнекі түрде түсіндірудің, ал оқушы үшін – әлемдік демографиялық процестерді саналы ұғынудың тиімді жолы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұқанова, Н. Т. Цифрлық педагогика және жасанды интеллект // Педагогикалық инновациялар журналы. – 2023. – №4. – Б. 56–63.
2. OECD. Artificial Intelligence in Education: Opportunities and Challenges. – Paris: OECD Publishing, 2022. – 94 p.
3. Жанабаева, Н. Е. Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне енгізудің психологиялық аспектілері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 186 б.
4. Құрманова, Г. Т. Географияны оқытудағы визуализация тәсілдерінің тиімділігі. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. – 152 б.
5. Рамазанова, А. Б. AI технологиялары негізінде демографиялық үрдістерді модельдеу // Білім беру және ғылым. – 2023. – №5. – Б. 42–48.
6. Жадрина, М. Ж., Қалиева, С. Т. Тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары. – Алматы: Рауан, 2020. – 210 б.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19451637>

ЭОЖ 372.851

7–9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ

ИСКЕНДЕР АЙБОЛ ОЛЖАСҰЛЫ

1 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Жансейтова Ляззат Жексенбековна

Аңдатпа. Мақалада 7–9-сынып оқушыларының логикалық ойлауын математика сабақтарында дамыту мәселесі қарастырылады. Логикалық ойлаудың психологиялық-педагогикалық мәні ашылып, оны қалыптастыруға бағытталған математикалық тапсырмалардың ерекшеліктері талданады. Логикалық және стандартты емес есептерді жүйелі қолданудың оқушылардың ойлау белсенділігіне және оқу-танымдық құзыреттіліктерінің дамуына ықпалы негізделеді. Зерттеу нәтижелері логикалық бағыттағы тапсырмалар математика оқытудың тиімді құралы екенін көрсетеді.

Кілттік сөздер: логикалық ойлау, математика оқыту, математикалық тапсырмалар, негізгі мектеп, оқу-танымдық құзыреттілік.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушыны тек пәндік білімдермен қаруландыру емес, сонымен бірге жоғары деңгейлі ойлау дағдыларымен қамтамасыз ету. Соңғы онжылдықта әлемдік педагогикалық тәжірибе оқытудың нәтижесін білім көлемімен емес, оқушының интеллектуалдық әрекет сапасымен өлшеуге көшуде. Осы тұрғыдан алғанда, логикалық ойлау – оқушының оқу және өмірлік әрекетінде мән-маңызы жоғары әмбебап когнитивтік құрал. Логикалық ойлау оқушыға күрделі жағдайларды талдауға, байланыстар орнатуға, себеп-салдарлық қатынастарды анықтауға, дәлелді шешім қабылдауға, болжам жасауға және ақпаратты қайта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Математика пәні логикалық ойлауды дамытудың табиғи әрі тиімді ортасы болып табылады. Себебі математикалық ұғымдардың қалыптасуы абстракциялау, жалпылау, формализация, моделдеу, дедукция және индукция сияқты негізгі ой әрекеттерін талап етеді. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде ұсынылатын тапсырмалардың басым бөлігі репродуктивтік сипатқа ие болып, дайын формулаларды қолдануға негізделген. Мұндай тапсырмалар оқушының дербес ойлау әрекетін шектеп, дәлелдеуге, ізденуге және талдауға бағытталған логикалық құрылымдардың қалыптасуына жеткілікті мүмкіндік бермейді. Осы себептен логикалық ойлауды дамытуға бағытталған арнайы математикалық тапсырмалар жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

7–9-сынып кезеңі жасөспірімнің психологиялық дамуында ерекше маңызға ие кезең ретінде зерттеулерде кеңінен қарастырылады. Бұл жаста оқушылардың абстрактілі ойлауы белсенді дамып, символдық құрылымдармен жұмыс істеу қабілеті нығаяды, ой операциялары күрделене түседі. П.Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Л.В. Занков, П.Я. Гальперин, А.В. Эльконин сияқты зерттеушілер орта буын жасөспірімдердің логикалық ойлау құрылымын қалыптастыруда қолайлы жас кезең екенін ғылыми дәлелдеген.

Қазақстанның білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылық пен математикалық сауаттылықты арттыру мәселесі соңғы жылдары стратегиялық бағыт ретінде айқындалған. TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижелері оқушылардың математикалық құзыреттерінен бөлек, логикалық ойлау, модельдеу, дәлелдеу және талдау секілді жоғары деңгейлі когнитивтік әрекеттерді меңгеру қажеттілігін көрсетіп отыр. Бұл зерттеулер оқушылардың стандартты жағдайдан тыс, жаңа контекстегі проблемаларды шешуде қиналатынын дәлелдеді. Осы тұрғыдан алғанда, математикалық тапсырмалар жүйесін логикалық ойлауды дамытуға бағыттау – білім сапасын арттырудың тиімді тетігі.

Осы зерттеу шеңберінде ұсынылатын математикалық тапсырмалар жүйесі оқушының логикалық ойлауына әсер ететін түрлі компоненттерді қамтиды:

- анализ және синтез;
- салыстыру және жіктеу;
- жалпылау және формализация;
- дәлелдеу және модельдеу;
- болжам жасау және шешім қабылдау;
- көпқадамды ойлау және стратегиялық жоспарлау.

Бұл жүйе 7–9-сынып математикалық курсының мазмұнымен интеграцияланып, логикалық ойлау әрекетін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерімен қамтамасыз етіледі. Мұндай тәсіл оқушының математикалық тұжырымдамаларды меңгеруін тереңдетіп қана қоймай, оның интеллектуалдық дербестігін, танымдық белсенділігін және оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

7–9-сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту мәселесінің теориялық негіздері

Логикалық ойлау тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін айқындайтын негізгі когнитивтік құрылымдардың бірі болып табылады. Ол ақпаратты талдауға, салыстыруға, жалпылауға, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға, дәлелдемелі шешімдер қабылдауға және жаңа білім өндіруге мүмкіндік беретін танымдық әрекет формасы ретінде психология, педагогика және когнитивтік ғылымдар тоғысында зерттеледі.

Логикалық ойлау ұғымы әртүрлі ғылыми мектептерде түрліше түсіндіріледі. Қ. Жарықбаев логикалық ойлауды "себептік қатынастарды анықтайтын, талдайтын, жинақтайтын және қорытуға мүмкіндік беретін жоғары психикалық функция" ретінде сипаттайды. Ж.Пиаже оны "абстрактілі, формальды операцияларға негізделген когнитивтік әрекет" деп анықтап, логикалық құрылымдардың жасөспірімдік кезеңде қалыптасатынын дәлелдеген.

Математика когнитивтік психология тұрғысынан қарағанда логикалық ойлауды дамытуға ең қолайлы пән болып табылады. Себебі:

- математикалық ұғымдар абстракцияға сүйенеді;
- математикалық дәлелдеулер дедуктивтік құрылымды талап етеді;
- есептер шешімі модельдеуге негізделеді;
- формалданған тіл логикалық құрылымдарды бекітеді.

В.А.Крутецкийдің математикалық қабілеттерді зерттеу тұжырымдамасында математикалық ойлаудың негізінде математикалық жалпылау, айнымалы енгізу, кері ойлау, символдық әрекет, құрылымдық көру сияқты механизмдер жататыны дәлелденген. Бұл механизмдер логикалық ойлау құрылымдарының түбірлік сипаттамасы болып табылады.

Математика пәніндегі логикалық ойлаудың когнитивтік компоненттері

Математика пәні логикалық ойлауды дамытудың табиғи және әмбебап ортасы болып табылады. Математикалық ойлаудың құрылымында логикалық әрекеттердің кең спектрі іске асады, соның ішінде талдау, синтез, жалпылау, салыстыру, модельдеу, дәлелдеу, қорытынды жасау, гипотеза ұсыну және тексеру сияқты маңызды когнитивтік механизмдер бар. Бұл механизмдер жалпы логикалық ойлаудың күрделі формасына айналып, оқушының интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан 7–9-сынып кезеңінде ұсынылатын математикалық тапсырмалар жүйесі оқушының логикалық ойлауының жекелеген компоненттерін емес, тұтас когнитивтік құрылымын дамытуға ықпал етуі тиіс.

Математикалық ойлаудың ең маңызды компоненттерінің бірі — талдау. Есепті талдау барысында оқушы берілгендердің мазмұнын таратады, байланыстарды бөледі, шартты айқындатады және артық немесе жасырын ақпаратты анықтайды. Талдаудан кейін синтез механизмі іске қосылып, оқушы бөлшектенген ақпаратты біріктіріп, есептің шешу стратегиясын құрастырады. Синтезсіз күрделі есептердің шешімі мүмкін емес, себебі бірқатар аралық қадамдарды жинақтау және дұрыс тізбекке біріктіру талап етіледі.

Математика пәніндегі тағы бір маңызды когнитивтік әрекет — салыстыру. Салыстыру арқылы оқушы математикалық объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, ал бұл өз кезегінде жіктеу және құрылымдау процестеріне алып келеді. Мәселен, алгебрада теңдеулерді, функцияларды немесе сан жиындарын салыстыру, ал геометрияда фигураларды салыстыру жалпылау әрекетінің бастамасы болып табылады. Жалпылау кезінде оқушы нақты мысалдардан жалпы ереже шығарады, бұл математика ғылымының ішкі табиғатын құрайды.

Математикалық ойлаудың шыңы — дәлелдеу болып табылады. Дәлелдеу әрекетінде оқушы тұжырым жасайды, оны негіздейді, логикалық тізбек құрастырады және қорытындыны түйіндейді. Геометриялық дәлелдеулер математикалық логика элементтерінің қалыптасуына ықпал етіп, кейінгі кезеңдерде алгоритмдік және дедуктивтік ойлаудың дамуына жағдай жасайды.

Математикада маңызды рөл атқаратын келесі компонент — моделдеу. Моделдеу әрекетінде оқушы нақты жағдайды символдар, графиктер, кестелер, диаграммалар немесе формулалар арқылы қайта құрастырады. Бұл компонент функционалдық сауаттылықтың негізгі талаптарының бірі болып саналады, себебі оқушы шынайы өмірден алынған проблеманы математикалық тілге аударып, қайтадан шынайы контекстке интерпретациялауды үйренеді.

Болжам жасау немесе гипотеза ұсыну да математикалық когнитивтік механизмнің маңызды бөлігі болып табылады. Г.Пойа өзінің танымал жұмыстарында жақсы математикалық ойлау болжаммен басталатынын көрсетіп, "Егер не болар еді?" деген сұрақтың есепті шешудің эвристикалық стратегияларының ішінде ең құндыларының бірі екенін атап өткен.

Математикалық ойлауда кері ойлау (reverse thinking) феномені де ерекше орын алады. Кері ойлау әсіресе теңдеулерді шешуде, дәлелдеулерде, геометриялық конструкцияларда, функционалдық тапсырмаларда және олимпиадалық есептерде жиі кездеседі. Бұл механизм оқушының стандарттан тыс жағдайларда шешім қабылдау қабілетін нығайтады.

Берілген талдау математикалық ойлаудың когнитивтік табиғаты күрделі және көпқұрамды екендігін, ал логикалық ойлаудың осы жүйеде орталық орында тұрғанын дәлелдейді. Математика пәні логикалық ойлаудың барлық негізгі компоненттерін табиғи түрде іске асырып, оларды дидактикалық тұрғыдан ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан 7–9-сынып кезеңі осы компоненттердің орнықты қалыптасуына ең қолайлы кезең болып табылады және бұл кезеңде ұсынылатын математикалық тапсырмалар жүйесі арнайы құрастырылған ғылыми-әдістемелік платформаға сүйенуі тиіс.

Математикалық тапсырмалар жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері

Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған математикалық тапсырмалар жүйесін құрастыру тек мазмұндық тұрғыдан емес, сонымен қатар құрылымдық, әдіснамалық және дидактикалық тұрғыдан ұйымдастыруды қажет етеді. Мектеп тәжірибесінде ұсынылатын есептердің басым бөлігі репродуктивтік сипатта болып, дайын формула, алгоритм немесе үлгі бойынша орындалады. Мұндай типтегі тапсырмалар оқушылардың механикалық дағдыларын қалыптастырғанымен, когнитивтік әрекеттің жоғары деңгейін талап ететін интеллектуалдық дамуға жеткілікті ықпал етпейді. Сондықтан логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар жүйесін қалыптастыру барысында бірқатар құрылымдық параметрлерді ескеру маңызды.

Мұндай жүйенің бірінші құрылымдық ерекшелігі — көпқадамдылық. Көпқадамды тапсырмалар оқушыдан бірден нәтиже емес, алдын ала орындалатын бірнеше аралық логикалық әрекетті талап етеді.

Екінші маңызды құрылымдық ерекшелік — шешімнің көпварианттылығы. Бір ғана дұрыс шешім жолы бар есептер логикалық ойлауды шектейді, өйткені олар стратегия таңдауды қажет етпейді. Мұндай материалдарды олимпиадалық есептерден, функционалдық есептерден немесе контекстік есептерден көруге болады.

Үшінші құрылымдық параметр — дәлелділік. Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар тек "жауапты алу" мақсатында ғана емес, «жауаптың алыну себебін» түсіндіруді талап етуі керек. Дәлелділік компоненті геометриялық есептерде ерекше байқалады, өйткені дәлелдеу математиканың дедуктивтік табиғатына тікелей сәйкес келеді.

Төртінші құрылымдық ерекшелік — жаңалық элементінің болуы. Жаңалық элементі есептің шартындағы күтпеген жағдай, стандарттан тыс байланыс, қалыптыдан өзгеше интерпретация, контекстік өзгеріс немесе шынайы өмірден алынған сюжет болуы мүмкін. Мұндай элемент интеллектуалдық қызығушылықты арттырып, мотивацияны күшейтеді.

Бесіншіден, тапсырмалар жүйесі күрделену принципін сақтауы тиіс. Бұл қағида оқушыны механикалық деңгейден эвристикалық деңгейге қарай кезең-кезеңімен көтеруді қамтамасыз етеді. Зерттеулерде (Крутецкий, Давыдов, Петерсон) күрделену принципі математикалық ойлауды дамытуда жетекші механизмдердің бірі деп танылған.

Тапсырмалар жүйесінің аталған құрылымдық параметрлері математикалық ойлауды ұйымдастырудың үш деңгейін қалыптастырады: репродуктивтік, жартылай эвристикалық және эвристикалық-логикалық деңгей. Репродуктивтік деңгейде оқушы дайын алгоритмді қолданады; жартылай эвристикалық деңгейде стратегияларды салыстырады және таңдайды; ал эвристикалық деңгейде дәлелдейді, болжам жасайды және модельдейді. Дәл осы деңгейлердің үйлесімділігін сақтау 7–9-сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытатын тапсырмалар жүйесін дидактикалық тұрғыдан толыққанды етеді.

Тапсырмалар жүйесін енгізудің әдістемелік шарттары

7–9-сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға арналған математикалық тапсырмалар жүйесінің тиімді жүзеге асырылуы тек тапсырмалардың мазмұнымен және құрылымымен ғана анықталмайды, сонымен қатар оны оқу үдерісіне енгізудің әдістемелік шарттарына да байланысты. Әдістемелік шарттар оқушының когнитивтік мүмкіндіктерін, мотивациялық күйін, оқу әрекетінің формасын, мұғалімнің басқарушы рөлін және оқу ортасының ұйымдастырылуын қамтитын кешенді факторларды біріктіреді.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамытудағы маңызды әдістемелік шарттардың бірі — оқу әрекетінде проблемалық жағдай жасау. Проблемалық жағдай оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, оны ізденуші және өндіруші субъект ретінде танытады. Математика пәнінде проблемалық жағдай әдетте қарама-қайшылық түрінде көрінеді: есептің шешіміне қол жеткізу үшін стандартты әдістер жеткіліксіз болғанда немесе бірнеше жолдың ішінен тиімдісін таңдау қажеттілігі туындағанда. Мұндай жағдай когнитивтік конфликтіні тудырып, оқушының ойлау әрекетін белсендіруге ықпал етеді.

Тапсырмалар жүйесін енгізудің келесі маңызды шарты — сұрақ қою мәдениетін қалыптастыру. Логикалық ойлау сұрақ арқылы белсендіріледі, себебі кез келген дәлелдеу немесе ойлау актісі сұрақтан басталады. Математикадағы «Неге?», «Қалай?», «Қандай жағдайда?», «Бұл әрқашан дұрыс па?», «Басқа жолы бар ма?» деген сұрақтар оқушылардың ойлау әрекетінң рефлексиялық деңгейіне өтуді қамтамасыз етеді. Мұндай сұрақтар мұғалім тарапынан ғана емес, оқушы тарапынан да туындауы қажет; бұл когнитивтік дербестіктің көрсеткіші.

Әдістемелік шарттардың бірі — қателесу құқығын мойындау. Оқушылардың логикалық ойлауы тек дұрыс шешімдер арқылы емес, қателер арқылы да дамиды, себебі қателесу — танымның табиғи бөлігі. Егер оқу үдерісінде қателер негативті бағаланса, оқушы тәуекелден және шығармашылық ізденістен бас тартады.

Тапсырмалар жүйесін енгізудің мотивациялық қыры да ескерусіз қалмауы тиіс. Логикалық ойлау міндетті түрде танымдық ынтызарлықпен, қызығушылықпен және ақыл-ой қанағатымен байланысты. Оның қалыптасуына есептің жаңалығы, күрделілігі және интеллектуалдық қанағаттану сезімі әсер етеді.

Оқу ортасын ұйымдастыру да әдістемелік шарттардың қатарына кіреді. Мұнда оқулықтар мен есептер жиынтығынан бөлек визуалды модельдер, интерактивті платформалар, когнитивтік карталар, динамикалық геометриялық бағдарламалар (мысалы, GeoGebra),

сондай-ақ символдық есептеу құралдары пайдаланылуы мүмкін. Бұл құралдар модельдеу және жалпылау әрекеттерін жеңілдетіп, логикалық құрылымдарды көрінетін етеді.

Осылайша, логикалық ойлауды дамытуға бағытталған математикалық тапсырмалар жүйесін енгізудің әдістемелік шарттары проблемалық оқыту, диалогтық әрекет, дәлелдеу мәдениеті, қателерді дамыту ресурсы ретінде қабылдау, рефлексия, бірлескен когнитивтік әрекет, ішкі мотивация және оқу ортасын тиімді ұйымдастыруды қамтитын кешенді педагогикалық механизмдер жүйесі болып табылады.

7–9-сыныптарға арналған математикалық тапсырмалар жүйесі

1-есеп. Қызметкер бір айға келесі шарттармен келісімшарт жасасты. Әрбір жұмыс істеген күні үшін ол 10000 теңге алады. Ал егер жұмысқа келмей қалса, ол тек ақы алмай қана қоймай, әрбір жұмысқа шықпаған күні үшін 2500 теңге көлемінде айыппұл төлейді. 30 күннен кейін қызметкердің ештеңе таппағаны анықталды. Қызметкер неше күн жұмысқа келді?

Шешуі: Жұмыс істеген күн санын — x күн

Жұмысқа шықпаған күн санын — y күн дейік

Айда барлығы 30 күн болғандықтан: $x + y = 30$

Таза табыс 0 теңге, сондықтан: $10000x - 2500y = 0$

$$\begin{cases} x + y = 30 \\ 10000x - 2500y = 0 \end{cases} \quad \begin{array}{l} \text{2ші теңдеуді } 2500\text{ге бөлеміз} \\ \text{30} \end{array} \quad \begin{cases} x + y = \\ 30 \end{cases}$$

$$4x - y = 0$$

$$\begin{cases} x + y = 30 \\ y = 4x \end{cases} \quad \begin{array}{l} \text{1-ші теңдеуге қоямыз} \\ x + 4x = 30 \end{array} \rightarrow 5x = 30 \rightarrow x = 6$$

Қызметкер: 6 күн жұмыс істеген: $6 \cdot 10000 = 60000$

24 күн жұмысқа шықпаған: $24 \cdot 2500 = 60000$

Жауабы: Қызметкер 6 күн жұмысқа келді.

2-есеп. Бір атақты бай қайтыс болып, артында 17 түйе қалдырады. Ол өсиетінде түйелерді үш ұлына былай бөлуді бұйырады:

- Үлкен ұлына — барлық түйенің **жартысын**
- Ортаншы ұлына — барлық түйенің **үштен бірін**
- Кенже ұлына — барлық түйенің **тоғыздан бірін**

Балалары 17-ні 2-ге де, 3-ке де, 9-ға да бөле алмай қиналады (түйені союға болмайды). Сол кезде қасынан өтіп бара жатқан бір ақылды қария өзінің жалғыз түйесін ортаға қосады. Қарияның көмегінен кейін әр бала неше түйеден алды және қария өз түйесін қайтарып ала алды ма?

Шешімі: Бұл есептің шешімі — математикалық жетілмегендікті пайдалануда.

1. Қария өз түйесін қосқанда барлығы 18 түйе болды.
2. Үлкен ұлы: $18 \cdot \frac{1}{2} = 9$ түйе.
3. Ортаншы ұлы: $18 \cdot \frac{1}{3} = 6$ түйе.
4. Кенже ұлы: $18 \cdot \frac{1}{9} = 2$ түйе.
5. Енді барлығын қосамыз: $9 + 6 + 2 = 17$ түйе.
6. Қалған 1 түйе — қарияның өз түйесі. Ол оны жетелеп жолына кете береді.

Себебі өсиеттегі үлестердің қосындысы 1-ге тең емес:

$$\frac{1}{2} + \frac{1}{3} + \frac{1}{9} = \frac{9 + 6 + 2}{18} = \frac{17}{18}$$

Яғни, түйелердің $\frac{1}{18}$ бөлігі ешкімге тиесілі емес еді. Қария сол «жетіспей тұрған» үлесті уақытша толықтырып, есепті бүтін сандарға айналдырып берді.

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері 7–9-сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту қазіргі білім беру жүйесі үшін маңызды педагогикалық міндеттердің бірі екенін көрсетті. Математика пәні логикалық ойлауды қалыптастырудың табиғи ортасы болып табылып, оқушылардың талдау, салыстыру, дәлелдеу, жалпылау, моделдеу және болжам

жасау сияқты жоғары деңгейлі когнитивтік әрекеттерінің дамуына тікелей әсер етеді. Психологиялық-теориялық талдау барысында 12–15 жас аралығы логикалық операциялардың қарқынды қалыптасу кезеңі екені анықталды. Бұл жаста оқушылар абстракциялау мен дедукцияға қабілетті болып, күрделі есептердің шешу стратегияларын меңгеруге дайын келеді. Сондықтан осы кезеңде логикалық ойлауды дамытатын тапсырмалар жүйесін енгізу педагогикалық тұрғыдан орынды және тиімді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде 7–9-сыныпқа арналған математикалық тапсырмалар жүйесінің моделі жасалды. Бұл модель репродуктивтік, жартылай эвристикалық және эвристикалық деңгейлерден тұрып, оқушылардың ойлау әрекетінің біртіндеп күрделенуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тапсырмалар жүйесін оқу процесіне енгізудің бірқатар әдістемелік шарттары айқындалды: проблемалық жағдай құру, дәлелдеу дағдыларын дамыту, сұрақ қою мәдениетін қалыптастыру, рефлексия ұйымдастыру және бірлескен танымдық әрекетті қолдану. Зерттеу барысында әзірленген тапсырмалар кешені оқушылардың тек пәндік білімін емес, математикалық ойлаудың мәдениетін, интеллектуалдық дербестігін және функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Қорытындылай келе, 7–9-сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту міндеті математиканы оқытудың ішкі мазмұнымен сәйкестікте жүзеге асырылуы тиіс. Арнайы құрастырылған тапсырмалар жүйесін білім беру практикасына енгізу бұл бағыттағы тиімді шешімдердің бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбілқасымова А.Е., Тұяқов Е.А. Жалпы білім беретін мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2019. – 340с
2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық әдістемелік негіздері.–Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.
3. Бидайбеков Е. Ы., Жаңабергенова Ж. Ш Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі.— Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 364 б.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19544145>

КОРРЕКЦИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПИЩЕВОГО ПОВЕДЕНИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С РАССТРОЙСТВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

ЖУМАГАЛИЕВА ЗАЙНАБ ГАЙРАТКЫЗЫ

Магистрант 2 курса

Казахский женский национальный педагогический университет
г. Алматы, Казахстан

ДЕНИСОВА ИРИНА АЛЕКСАНДРОВНА

ассоциированный профессор, кандидат наук

Казахский женский национальный педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

Аннотация: Избирательное пищевое поведение у детей дошкольного возраста с расстройством аутистического спектра представляет собой не частную бытовую трудность, а клинически и педагогически значимый феномен, затрагивающий нутритивный статус, сенсорную адаптацию, семейную динамику и повседневное функционирование ребенка. Целью исследования стало аналитическое обобщение современных данных о механизмах, диагностических ориентирах и направлениях коррекции пищевой избирательности у дошкольников с РАС. Показано, что пищевая избирательность у детей с РАС формируется на пересечении сенсорной гиперчувствительности, поведенческой ригидности, дефицитов орально-моторной организации, возможных гастроинтестинальных и соматических факторов, а также семейных способов подкрепления. Наиболее продуктивными направлениями коррекции выступают многофакторная диагностика, поэтапная сенсорная экспозиция, структурирование приема пищи, обучение родителей стратегиям поведенческой поддержки, расширение пищевого репертуара через пищевые цепочки и перенос навыка из кабинета в домашнюю среду. Практическая значимость состоит в том, что коррекционная работа должна строиться не вокруг абстрактного требования «накормить ребенка», а вокруг последовательного повышения переносимости текстур, снижения отказного поведения и расширения числа функционально принимаемых продуктов.

Ключевые слова: расстройство аутистического спектра, избирательное пищевое поведение, пищевая селективность, дошкольный возраст, сенсорная чувствительность, поведенческая коррекция, родительский тренинг

Введение

Проблемы приема пищи у детей с РАС сегодня рассматриваются существенно шире, чем привычная родительская формула «ребенок мало ест» или «ест только определенные продукты». В международной литературе показано, что нарушения feeding and eating у этой группы встречаются часто, а пищевая селективность остается наиболее обсуждаемым вариантом трудностей, причем исследователи отдельно подчеркивают необходимость различать собственно feeding problems и eating problems, поскольку за внешне сходным поведением могут стоять разные механизмы и, следовательно, разные клинические решения [1].

С клинической точки зрения особенно важно, что пищевая избирательность у ребенка с РАС не сводится к капризу или возрастной «привередливости». Современные рекомендации настаивают на многомерной оценке: необходимо одновременно анализировать сенсорные особенности, поведенческую ригидность, гастроинтестинальные симптомы, возможные дефициты питания, орально-моторные ограничения и семейный стиль организации приема пищи. На этой основе формируется предпосылка для точной, а не формальной коррекции, где

участие родителей рассматривается не как вспомогательный компонент, а как часть самой терапии [2].

Одним из наиболее устойчивых объяснительных направлений остается сенсорная гиперчувствительность. Ребенок может отвергать не еду вообще, а конкретную текстуру, влажность, температуру, хруст, запах, цвет или смешение продуктов в тарелке. Поэтому ситуация, когда дошкольник принимает только сухую, однотонную или строго одинаково поданную пищу, нередко отражает не упрямство, а попытку избежать чрезмерной сенсорной нагрузки. Именно этим объясняется тесная связь пищевой селективности с сенсорной чувствительностью, описанная в профильных работах [3].

Следующий слой проблемы связан уже не просто с сенсорной реактивностью, а с тем, как ребенок перерабатывает новые оральные ощущения. В ряде исследований показано, что особенности оральной сенсорной обработки непосредственно сопряжены с отказом от новых текстур и низкой переносимостью незнакомой пищи. Иначе говоря, ребенок может спокойно рассматривать продукт, но не переносить момент его приближения ко рту, жевания или проглатывания. Это обстоятельство выступает основанием для постепенной, а не форсированной коррекции [4].

Проблема усугубляется тем, что пищевая селективность нередко сохраняется во времени. Лонгитюдные данные показывают: даже когда часть отказных реакций уменьшается, сам пищевой репертуар расширяется далеко не всегда. Следовательно, исчезновение громких протестов еще не означает, что проблема решена. Если ребенок по-прежнему принимает крайне ограниченный набор продуктов, риск нутритивных и социальных последствий сохраняется [5].

Нутритивное измерение в этой теме принципиально. У детей с РАС при выраженной селективности описаны как недостаточность рациона, так и парадоксальное сосуществование ограниченного питания с избыточной массой тела, когда меню бедно по составу, но калорийно и однообразно. В этой связи пищевая избирательность должна рассматриваться через два риска сразу - дефицит поступления необходимых нутриентов и деформацию общего пищевого паттерна [6]. Не менее значима семейная плоскость. Когда ребенок ест только несколько строго определенных продуктов, вся система домашних приемов пищи меняется: растет напряжение взрослых, появляются ритуалы избегания конфликтов, подстраивается меню семьи, а совместная трапеза утрачивает развивающую функцию. В исследованиях это описано не как второстепенный фон, а как самостоятельный фактор поддержания проблемы [7].

Результаты

Первое, что вытекает из анализа, - коррекция пищевой селективности у дошкольника с РАС не может быть монофакторной. Один и тот же внешний симптом, например отказ от овощей, может иметь разное происхождение. У одного ребенка ведущим будет страх неоднородной текстуры, у другого - ритуальная привязанность к марке и цвету упаковки, у третьего - боль при жевании или гастроинтестинальный дискомфорт, у четвертого - выученное избегание, которое годами непреднамеренно закреплялось взрослыми. Поэтому начальный этап должен не «ломать» отказ, а разбирать его механизм.

Таблица 1. Клинические ориентиры при дифференциации избирательного пищевого поведения у дошкольников с РАС

Доминирующий механизм	Как проявляется в повседневной трапезе	Что повышает риск закрепления проблемы	Приоритет коррекции
Сенсорная гиперчувствительность	Ребенок отвергает пищу из-за запаха, влажности,	Насильственное поднесение ложки, резкая смена текстур,	Градуированная экспозиция, работа с переносимостью

	зернистости, смешения текстур, температуры	хаотичная подача новых продуктов	текстуры, снижение сенсорной перегрузки
Поведенческая ригидность	Принимаются только продукты определенной формы, цвета, бренда, посуды или расположения на тарелке	Подкрепление жестких ритуалов ради избегания истерики, отсутствие предсказуемой структуры приема пищи	Визуальное расписание, ритуал предсказуемого приема пищи, постепенное расширение вариативности
Орально-моторная несформированность	Трудности жевания, слишком долгое удержание пищи во рту, предпочтение пюре и мягких продуктов	Предложение слишком сложной консистенции без промежуточных ступеней	Орально-моторная тренировка, переход от мягких к более плотным текстурам по микрошкагам
Соматический дискомфорт	Отказ усиливается при запорах, рефлюксе, боли, вздутии, аллергических реакциях	Игнорирование медицинского фона и попытка трактовать любую селективность как «чисто поведенческую»	Педиатрическая и гастроэнтерологическая оценка, коррекция соматического состояния
Семейное подкрепление отказа	Взрослые заранее готовят отдельное меню, убирают новый продукт после первых секунд протеста	Высокая тревога семьи, отсутствие согласованной стратегии взрослых	Родительский тренинг, единые правила, контроль подкрепляющих реакций

Такая дифференциация меняет саму логику вмешательства. Если взрослый видит только итог - «не ест», то стратегия обычно колеблется между уговорами, отвлечением и силовым давлением. Если же распознано, почему именно ребенок отказывается, коррекционное действие становится точным. Например, ребенок, который принимает картофельное пюре, но отвергает кусочки отварного картофеля, нуждается не в морализирующей мотивации, а в поэтапной текстурной лестнице. Ребенок, который ест только один и тот же йогурт конкретной марки, нуждается в работе с ригидностью и вариативностью признаков продукта, а не просто в расширении списка «полезной еды».



Рисунок 1. Многофакторная модель коррекции избирательного пищевого поведения у дошкольников с РАС

Особый интерес вызывают вмешательства, в которых коррекционная работа выносится из искусственной лабораторной ситуации в естественную среду семьи. В публикациях о caregiver-implemented interventions показано, что наибольшую ценность имеют стратегии, встроенные в реальную трапезу и реализуемые родителями после профессионального обучения. Практически это означает сдвиг от редких «сеансов кормления» к ежедневной управляемой практике в доме ребенка, где поддерживаются перенос навыка, повторяемость и поведенческая согласованность взрослых [11].

В то же время коррекция не должна замыкаться только на домашнем уровне. Систематизированные данные показывают, что наиболее выраженный эффект достигается там, где проблема рассматривается междисциплинарно, а в план включаются поведенческий компонент, нутритивная оценка, медицинское сопровождение и работа с навыками приема пищи. Это особенно важно при тяжелой селективности, когда расширение меню без учета соматического статуса и навыков готовности ребенка оказывается поверхностным [12].

С практической точки зрения весьма показателен Autism MEAL Plan - программа родительского тренинга, ориентированная на управление пищевыми отказами и низким объемом приема пищи у детей с РАС. Ее ценность состоит не в «рецепте волшебного продукта», а в системности: родителям предлагается последовательность подготовки среды, выбора целей, фиксации поведения, использования подкрепления и пошагового расширения репертуара [13].

Рандомизированные исследования усиливают этот вывод. В испытаниях parent training для детей с РАС описан клинически значимый эффект именно у структурированных программ, где родителей обучали поддерживать новые пищевые реакции, сокращать избегающее поведение и переводить вмешательство в повседневный семейный уклад. Это важно потому, что детская селективность почти всегда живет не в кабинете, а на кухне, за семейным столом, в условиях усталости и дефицита времени [14].

Особого внимания заслуживает сравнение модифицированного sequential oral sensory подхода и applied behavior analytic подхода. В литературе прямо показано, что популярные сенсорно-ориентированные схемы без достаточно жесткой поведенческой опоры не всегда

дают сопоставимый эффект, тогда как АВА-подход демонстрирует более сильную эмпирическую базу при работе с выраженной пищевой селективностью. Отсюда следует не отрицание сенсорной компоненты, а требование объединять ее с четкой процедурой формирования нового поведения [15].

Когда же речь идет о собственно расширении ассортимента принимаемой пищи, наиболее убедительные данные остаются за поведенческими программами, где используются последовательное приближение, контроль подкрепления, повторные предъявления и объективная фиксация прогресса. Рандомизированное исследование АВА-вмешательства показало, что управляемое формирование пищевого поведения способно приводить к реальному росту принятия новых продуктов, а не только к временному снижению протеста [16].

В таблице 2 приведены практические приемы, которые вытекают из современного доказательного поля и могут быть адаптированы для дошкольника с РАС без введения новых, непроверенных критериев.

Таблица 2. Практические приемы коррекции и примеры упражнений

Прием	Содержание работы	Пример упражнения	Ожидаемый эффект
Лестница знакомства с продуктом	Новый продукт предъявляется не сразу для еды, а по ступеням сенсорной переносимости	Ребенок сначала смотрит на кусочек груши, затем нюхает, касается ложкой, касается пальцем, подносит к губам, пробует микрокусочек	Снижение тревоги перед новизной, рост переносимости контакта с пищей
Пищевые цепочки	Новый продукт строится на основе уже принятого по сходству вкуса, цвета или текстуры	Если ребенок принимает только клубничный йогурт одной марки, далее предлагается тот же бренд другой жирности, затем близкий по вкусу продукт, затем йогурт с мягкими кусочками	Расширение репертуара без резкого разрыва с безопасным паттерном
Правило «два знакомых - один новый»	На тарелке сохраняется предсказуемость, а новый стимул вводится дозированно	На тарелке лежат два привычных продукта и одна мини-порция нового, которую разрешено не съедать полностью, но необходимо выдержать контакт	Снижение отказного поведения и укрепление чувства контроля
Визуальный сценарий трапезы	Последовательность приема пищи делается видимой и понятной	Картинки: сесть за стол - посмотреть на еду - выбрать ложку - попробовать маленький кусочек - запить - завершить	Уменьшение ригидности и сопротивления за счет предсказуемости
Микрошаг с подкреплением	Подкрепляется не конечный объем еды, а	Сегодня цель - коснуться банана	Формирование успеха без

	конкретный достижимый шаг	губами, завтра - лизнуть, затем - удержать микрокусочек во рту 3-5 секунд	сенсорного и поведенческого срыва
Работа с текстурой	Изменение консистенции идет от максимально переносимой к чуть более сложной	Пюре - пюре с микрогранулами - мягкие мелкие кусочки - обычная текстура	Развитие толерантности к консистенции и снижение текстурного избегания

С практической точки зрения особенно важно, что перечисленные приемы работают не как изолированные техники, а как система. Например, если дошкольник принимает только жидкие молочные продукты, коррекция не должна начинаться с требования съесть котлету. Гораздо рациональнее выстроить цепочку: густой питьевой йогурт - йогурт ложкой - мягкий творожный десерт - творог с однородной консистенцией - творог с микровключениями - мягкая запеканка. Внешне это выглядит медленно, однако именно такой темп соответствует сенсорно-поведенческой природе проблемы.

Обсуждение

Сопоставление современных работ приводит к достаточно ясному выводу: наиболее надежные стратегии коррекции пищевой селективности при РАС располагаются в точке пересечения поведенческого анализа, родительского участия и клинической дифференциации механизмов отказа. Новые публикации по caregiver training подтверждают, что семейно-ориентированные модели не являются второстепенным приложением к терапии, а все чаще становятся ее центральным звеном. Следовательно, формируется предпосылка для пересмотра старой практики, при которой основная ответственность переносилась на кабинетного специалиста, тогда как дом оставался неструктурированным пространством спонтанных уступок и конфликтов [17].

Одновременно нельзя упрощать проблему до чисто поведенческой схемы. Систематизированные данные по пищевой селективности и неофобии показывают, что у детей с РАС выраженность отказов тесно связана с сенсорной атипичностью и особенностями обработки нового пищевого опыта. Это означает, что коррекционная работа должна избегать двух крайностей - как безадресной сенсорной «мягкости» без поведенческой структуры, так и жесткого давления без учета орально-сенсорной переносимости. На этой основе можно сделать вывод о том, что эффективная программа для дошкольника с РАС должна быть пошаговой, межпрофессиональной и семейно встроенной [18].

Практическая значимость такой позиции очевидна. Для педагога, психолога, логопеда, специалиста по feeding therapy и педиатра она задает общую логику работы: сначала исключить соматический компонент, затем определить ведущий механизм селективности, после этого выстроить реалистичную последовательность микрошагов и обучить семью единым реакциям. Именно в этой последовательности коррекция перестает быть борьбой за разовый прием пищи и превращается в управляемое изменение пищевого поведения.

Заключение

Избирательное пищевое поведение у дошкольников с РАС представляет собой многоуровневое нарушение, где пересекаются сенсорные, поведенческие, орально-моторные, нутритивные и семейные детерминанты. Поэтому эффективная коррекция невозможна в логике одномерного объяснения. Наиболее продуктивной оказывается стратегия, в которой сначала уточняется механизм отказа, затем выстраивается поэтапное расширение пищевого опыта, а семья обучается поддерживать этот процесс ежедневно и последовательно.

Клинически оправданной целью следует считать не немедленное «нормализованное питание», а достижение трех взаимосвязанных результатов: снижение частоты и

интенсивности отказного поведения, повышение переносимости новых текстур и постепенное расширение устойчиво принимаемого репертуара продуктов. Такая постановка задачи реалистична, воспроизводима и соответствует современному научному пониманию пищевой селективности при РАС.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Baraskewich J., von Ranson K.M., McCrimmon A., McMorris C.A. Feeding and eating problems in children and adolescents with autism: A scoping review // *Autism*. 2021. Vol. 25, No. 6. P. 1505-1519. <https://doi.org/10.1177/1362361321995631>
2. Esposito M., Mirizzi P., Fadda R., Pirolo C., Ricciardi O., Mazza M., Valenti M. Food Selectivity in Children with Autism: Guidelines for Assessment and Clinical Interventions // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. 2023. Vol. 20, No. 6. Art. 5092. <https://doi.org/10.3390/ijerph20065092>
3. Cermak S.A., Curtin C., Bandini L.G. Food Selectivity and Sensory Sensitivity in Children with Autism Spectrum Disorders // *Journal of the American Dietetic Association*. 2010. Vol. 110, No. 2. P. 238-246. <https://doi.org/10.1016/j.jada.2009.10.032>
4. Chistol L.T., Bandini L.G., Must A., Phillips S., Cermak S.A., Curtin C. Sensory Sensitivity and Food Selectivity in Children with Autism Spectrum Disorder // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2018. Vol. 48, No. 2. P. 583-591. <https://doi.org/10.1007/s10803-017-3340-9>
5. Bandini L.G., Curtin C., Phillips S., Anderson S.E., Maslin M., Must A. Changes in Food Selectivity in Children with Autism Spectrum Disorder // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2017. Vol. 47, No. 2. P. 439-446. <https://doi.org/10.1007/s10803-016-2963-6>
6. Molina-López J., Leiva-García B., Planells E., Planells P. Food Selectivity, Nutritional Inadequacies, and Mealtime Behavioral Problems in Children with Autism Spectrum Disorder Compared to Neurotypical Children // *International Journal of Eating Disorders*. 2021. Vol. 54, No. 12. P. 2155-2166. <https://doi.org/10.1002/eat.23631>
7. Curtin C., Hubbard K., Anderson S.E., Mick E., Must A., Bandini L.G. Food Selectivity, Mealtime Behavior Problems, Spousal Stress, and Family Food Choices in Children with and without Autism Spectrum Disorder // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2015. Vol. 45, No. 10. P. 3308-3315. <https://doi.org/10.1007/s10803-015-2490-x>
8. Goday P.S., Huh S.Y., Silverman A., Lukens C.T., Dodrill P., Cohen S.S., Delaney A.L., Feuling M.B., Noel R.J., Gisel E., Kenzer A., Kessler D.B., Kraus de Camargo O., Browne J., Phalen J.A. Pediatric Feeding Disorder: Consensus Definition and Conceptual Framework // *Journal of Pediatric Gastroenterology and Nutrition*. 2019. Vol. 68, No. 1. P. 124-129. <https://doi.org/10.1097/MPG.0000000000002188>
9. Lukens C.T., Linscheid T.R. Development and Validation of an Inventory to Assess Mealtime Behavior Problems in Children with Autism // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2008. Vol. 38, No. 2. P. 342-352. <https://doi.org/10.1007/s10803-007-0401-5>
10. van Dijk M.W.G., Buruma M.E., Blijd-Hoogewys E.M.A. Detecting Feeding Problems in Young Children with Autism Spectrum Disorder // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2021. Vol. 51, No. 11. P. 4115-4127. <https://doi.org/10.1007/s10803-021-04869-1>
11. Diaz J., Cosbey J. A Systematic Review of Caregiver-Implemented Mealtime Interventions for Children With Autism Spectrum Disorder // *OTJR: Occupation, Participation and Health*. 2018. Vol. 38, No. 3. P. 196-207. <https://doi.org/10.1177/1539449218765459>
12. Marshall J., Ware R., Ziviani J., Hill R.J., Dodrill P. Efficacy of Interventions to Improve Feeding Difficulties in Children with Autism Spectrum Disorders: A Systematic Review and Meta-analysis // *Child: Care, Health and Development*. 2015. Vol. 41, No. 2. P. 278-302. <https://doi.org/10.1111/cch.12157>
13. Sharp W.G., Burrell T.L., Jaquess D.L. The Autism MEAL Plan: A Parent-Training Curriculum to Manage Eating Aversions and Low Intake Among Children with Autism // *Autism*. 2014. Vol. 18, No. 6. P. 712-722. <https://doi.org/10.1177/1362361313489190>

14. Johnson C.R., Brown K., Hyman S.L., Brooks M.M., Aponte C., Levato L., Schmidt B., Evans V., Huo Z., Bendixen R., Eng H., Sax T., Smith T. Parent Training for Feeding Problems in Children With Autism Spectrum Disorder: Initial Randomized Trial // *Journal of Pediatric Psychology*. 2019. Vol. 44, No. 2. P. 164-175. <https://doi.org/10.1093/jpepsy/jsy063>
15. Peterson K.M., Piazza C.C., Volkert V.M. A Comparison of a Modified Sequential Oral Sensory Approach to an Applied Behavior-Analytic Approach in the Treatment of Food Selectivity in Children with Autism Spectrum Disorder // *Journal of Applied Behavior Analysis*. 2016. Vol. 49, No. 3. P. 485-511. <https://doi.org/10.1002/jaba.332>
16. Peterson K.M., Piazza C.C., Ibañez V.F., Fisher W.W. Randomized Controlled Trial of an Applied Behavior Analytic Intervention for Food Selectivity in Children with Autism Spectrum Disorder // *Journal of Applied Behavior Analysis*. 2019. Vol. 52, No. 4. P. 895-917. <https://doi.org/10.1002/jaba.650>
17. Hodges A.K., Hathaway K.L., McMahon M.X.H., Volkert V.M., Sharp W.G. Treatment of Feeding Concerns in Children With Autism Spectrum Disorder: A Systematic Review of Behavioral Interventions With Caregiver Training // *Behavior Modification*. 2023. Vol. 47, No. 4. P. 936-958. <https://doi.org/10.1177/01454455221137328>
18. Rodrigues J.V.S., Poli M.C.F., Petrilli P.H., Dornelles R.C.M., Turcio K.H., Theodoro L.H. Food Selectivity and Neophobia in Children with Autism Spectrum Disorder and Neurotypical Development: A Systematic Review // *Nutrition Reviews*. 2023. Vol. 81, No. 8. P. 1034-1050. <https://doi.org/10.1093/nutrit/nuac112>

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19544270>

ЗИЯТ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ-ПЕРЦЕПТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ОЙЫН ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ: АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

ЕСІМ АРУЖАН ҚҰРМАНҒАЗЫҚЫЗЫ

Магистратура 2 курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

ДЕНИСОВА ИРИНА АЛЕКСАНДРОВНА

Арнайы педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

Аңдатпа: Зият бұзылысы бар балалардың сенсорлық-перцептивті дамуы оқу әрекетінің, тұрмыстық дербестіктің, заттық-тәжірибелік іс-әрекеттің және әлеуметтік бейімделудің іргелі алғышарты болып саналады. Осы мәселе ерекше маңызға ие, өйткені мұндай балаларда көру-қимыл үйлесімі, тактильді ажырату, кеңістіктік бағдарлау, дене сұлбасын сезіну, есту арқылы саралау және сенсорлық ақпаратты реттеу жиі әлсірейді. Мақалада арнайы педагогтың кәсіби рөлі сенсорлық-перцептивті қабілеттерді дамытуға бағытталған ойын жаттығуларының тиімділігін бағалау логикасымен байланыста қарастырылды. Жарияланған халықаралық және аймақтық ғылыми еңбектер, әдістемелік және дәлелдік сипаттағы материалдар, сондай-ақ инклюзивті және арнайы білім беру кеңістігін сипаттайтын деректер негізінде ойын жаттығуларының ықпал ету механизмдері, оларды таңдаудың шарттары, нәтижені педагогикалық интерпретациялау жолдары және практикаға енгізу қағидалары талданды. Нәтижесінде ойынның тек көңіл көтеру формасы емес, сенсорлық саралауды, қимылдық жоспарлауды, өзін-өзі реттеуді және оқу тапсырмасына қосылуды бір мезгілде қозғайтын коррекциялық-педагогикалық құрал екені айқындалды.

Түйін сөздер: зият бұзылысы, сенсорлық-перцептивті даму, ойын жаттығулары, арнайы педагог, арнайы білім беру, сенсорлық өңдеу, көру-қимыл үйлесімі.

Кіріспе

Зият бұзылысы бар балаларды сипаттауда тек интеллект көрсеткішіне сүйену жеткіліксіз. Диагностикалық тұрғыдан халықаралық клиникалық жіктемелер мен кәсіби қауымдастықтар зияттық қызметтің шектелуімен қатар күнделікті өмірде, коммуникацияда және әлеуметтік ортада байқалатын бейімделу мінез-құлқының кемістігін де негізгі өлшемдердің бірі ретінде қарастырады. Дәл осы тұста сенсорлық-перцептивті сала ерекше мән алады, себебі бала заттың қасиетін ажырата алмаса, кеңістікте орныға алмаса, қимыл мен қабылдауды біріктіре алмаса, онда оқу материалы да, тұрмыстық әрекет те, ойынның өзі де толыққанды ұйымдаспайды [1].

Америкалық зияттық және даму бұзылыстары жөніндегі қауымдастықтың түсіндіруінде зият бұзылысы интеллектуалдық қызмет пен бейімделу мінез-құлқындағы елеулі шектеулермен сипатталады және оның басталуы 22 жасқа дейінгі кезеңге жатады. Мұндай анықтама педагог үшін қағидатты мәнге ие, өйткені ол мәселені тек танымдық әлсіздік ретінде емес, шынайы өмірлік функцияларды шектейтін көпқұрамды құбылыс ретінде қарастыруға итермелейді. Осыдан арнайы педагог жұмысының міндеті білім мазмұнын жеңілдетумен шектелмей, баланың қабылдау, ажырату, бағдарлау, моторлық жоспарлау, өз әрекетін бақылау сияқты іргелі механизмдерін қолдауға ауысады [2].

Қазақстан жағдайында да бұл мәселе теориялық сипатпен ғана шектелмейді. UNICEF Kazakhstan жариялаған деректе 2022 жылға қарай ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны 188 мыңнан асқаны, олардың бір бөлігі арнайы мектептерде, арнайы сыныптарда

немесе үйде оқыту форматында білім алып отырғаны көрсетілген. Бұл цифрлар арнайы педагогикадағы сенсорлық-перцептивті қолдаудың тар мәселе емес, білім беру жүйесінің тұрақты сұранысына айналғанын аңғартады. Мұнда ойын жаттығуларының орны ерекше, өйткені олар баланы бақылау нысанына емес, белсенді әрекет иесіне айналдырады және күрделі түзету міндеттерін табиғи мотивациялық ортада шешуге мүмкіндік береді [3].

Сенсорлық-перцептивті белсенділік ерте және мектепке дейінгі жаста ғана емес, зият бұзылысы бар бастауыш мектеп оқушысы үшін де танымдық дамудың базалық қабаты болып қала береді. Л.Ф. Фатихова бұл саланы кейінгі интеллектуалдық даму, заттық әрекет және қоршаған ортаны меңгерудің негізі ретінде сипаттайды. Оның еңбегіндегі маңызды тұс - сенсорлық жұмыстың өздігінен пайда болмайтыны, арнайы ұйымдастырылған диагностика мен түзетуді қажет ететіні. Демек, ойын жаттығуы тиімді болуы үшін ол жай ғана қызықты тапсырма емес, нақты сенсорлық міндетке, кезеңді күрделендіруге және педагогикалық басқаруға сүйенуі керек [4].

В. Куцобина, В. Закопулу, Э. Цяка және В. Кутрас жүргізген зерттеу ұсақ перцептивті-моторлық дағдылардың әлсіреуі зияттық қызмет деңгейімен байланысты екенін, ал жеңіл зият бұзылысы бар 7-9 жастағы балалардың көрсеткіштері өз жасына сай дамып келе жатқан құрдастарынан төмен екенін көрсетті. Бұл нәтиже арнайы педагог үшін екі қорытынды береді. Біріншіден, қабылдау мен қимылды бөлек емес, бірлескен жүйе ретінде дамыту керек. Екіншіден, тиімді бағалау құралдары дайын өнімді ғана емес, орындау жолын да көруі тиіс: бала сызықты қайталай ма, фигураны бүтін қабылдай ма, бөліктерді сәйкестендіре ме, көзімен бақылап отырып қимылды дәл реттей ала ма [5].

Я. Викториннің еңбегінде зият бұзылысы бар балалардағы перцептивті-моторлық кемшіліктер олардың бейімделу функцияларындағы қиындықтарды жұмсартуға бағытталған мектептік араласу нысаны ретінде қарастырылады. Мұнда назар аударарлық жайт - сенсорлық-перцептивті жұмыс көмекші, жанама бағыт емес. Керісінше, ол оқу, өзін-өзі күту, дене қалпын бақылау, затпен жұмыс істеу, кеңістіктік бағдарлану сияқты көптеген қызметтің астарында жатқан іргелі механизм болып шығады. Арнайы педагог осы механизмді ойын арқылы іске қосқанда ғана жаттығу баланың бүкіл күн тәртібіне әсер ете бастайды [6].

Нәтижелер

Сенсорлық тәжірибенің тапшылығы зият бұзылысы бар балаларда таным мен үйренуге тікелей әсер етеді. С. Агостин, К. Эриксон және Ч. Д'Арденн ауыр бұзылыстары бар балаларға қатысты сенсорлық бай тәжірибенің шектелуі олардың үйрену мүмкіндігін тарылтатынын көрсетті. Бұл қорытындыны зият бұзылысы бар балаларға да сақтықпен көшіруге болады: егер бала затты ұстап көрмесе, дыбысты бағытпен байланыстырмаса, денесінің қалпы мен қозғалыс траекториясын сезінбесе, онда қабылдау әлемі үзік фрагменттерден құралады. Ойын жаттығуы дәл осы үзіктікті азайтады, себебі ол сезіну, ажырату, салыстыру, қозғалу және атауды бір тұтас әрекетке біріктіреді [7].

Төмендегі кестеде сенсорлық-перцептивті қабілеттерді дамытуға бағытталған ойын жаттығуларының қандай арнаға ықпал ететіні және арнайы педагогтың бұл процестегі нақты әрекеті жинақталды. Мұнда маңыздысы - бір ғана жаттығудың бірнеше функцияға қатар әсер етуі. Мысалы, тактильді саралау тапсырмасы тек фактураны ажыратуды емес, сөзбен атауды, күту дағдысын, қолдың мақсатты қозғалысын және зейінді де іске қосады.

1-кесте. Сенсорлық-перцептивті даму бағыттары, ойын жаттығуларының ықпал ету нысаны және арнайы педагогтың кәсіби әрекеті

Қабілет бағыты	Зият бұзылысы бар балаларда жиі байқалатын қиындық	Ойын жаттығуларының нәтижелі форматы	Арнайы педагогтың негізгі әрекеті	Күтілетін функционалдық өзгеріс
----------------	--	--------------------------------------	-----------------------------------	---------------------------------

Тактильді ажырату	Зат қасиетін қолмен тануда әлсіздік, фактураны шатастыру, сипап көруден қашу немесе шамадан тыс жабысып қалу	Қапшықтан зат табу, фактураны жұптау, «жұмсақ - қатты», «тегіс - бұдыр» ойындары	Затты таңдауды жеңілден күрделіге көшіру, сөздік сүйемелдеу беру, шамадан тыс тітіркенуді азайту	Затты қолмен тану дәлдігі, сөздік белгілеу, әрекет тұрақтылығы артады
Көру-кеңістіктік қабылдау	Пішін, өлшем, бағыт, бөліктердің орналасуын шатастыру	Мозаика, үлгі бойынша құрастыру, бағыттық жолақтар, «оң - сол» қозғалыс ойындары	Үлгіні ірілендіру, артық стимулды азайту, көзбен шолуды бағыттау	Кеңістікте бағдарлану, үлгіге сәйкестік, оқу материалын көру арқылы ұғыну жақсарады
Есту арқылы саралау	Дыбысты ажыратуда, дыбыс бағытын табуда, нұсқауды бөліп тыңдауда қиындық	«Қайдан естілді?», ырғақты қайталау, дыбысты сәйкестендіру ойындары	Дыбыс күшін реттеу, қысқа нұсқау беру, қайталаудың санын мөлшерлеу	Нұсқауды ұстану, дыбысқа назар аудару, ритмдік үйлесім күшейеді
Проприоцептивті және вестибулярлық реттеу	Дене қалпын тұрақсыз ұстау, қозғалыс қарқынын мөлшерлей алмау, орынсыз қозғалғыштық немесе баяулық	Тепе-теңдік жолы, итеру-тарту, ауырлау затты тасу, «тоқта - жүр» қозғалыс ойындары	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жүктемені біртіндеп арттыру, демалыс пен белсенділікті алмастыру	Қимыл дәлдігі, дене схемасы, өзін-өзі реттеу артады
Көру-қимыл үйлесімі	Сызықтан шығу, кесу, құрастыру, доппен әрекетте қиналу	Нысананы дәлдеу, сызық бойымен жүргізу, үлгі бойынша қиыстыру, допты бағытпен беру	Қолдың бастапқы қалпын көрсету, әрекетті бөліктерге жіктеу, қателікті жұмсақ кері байланыспен түзету	Ұсақ моторика, жазуға даярлық, мақсатты қозғалыс сапасы жақсарады
Дене сұлбасын сезіну	Өз дене бөліктерін шатастыру, қимылды үлгіге	«Айна», «дене бөлігін тап», қимылды қайталау, үлкен	Қимылды баяулату, үлгіні бетпе-бет көрсету,	Дене схемасының нақтылығы, еліктеу,

	сай көшіруде киналу	контурмен жұмыс	сөздік және қимылдық тірек қосу	қозғалысты жоспарлау дамиды
--	------------------------	--------------------	---------------------------------------	-----------------------------------

1 кесте бір маңызды заңдылықты көрсетеді: тиімділік ойынның сыртқы тартымдылығынан емес, оның құрылымдалуынан туындайды. Егер тапсырма сенсорлық арнаны дәл нысаналамаса, жүктемесі реттелмесе және арнайы педагог баланың реакциясын дер кезінде оқи алмаса, онда ойын тез шаршататын, кездейсоқ қимылдар жиынтығына айналып кетеді. Ал сенсорлық міндет анық қойылып, әрекет реті көрнекілендіріліп, кері байланыс уақтылы берілсе, сол ойын жаттығуы қабылдау мен мінез-құлықты бір мезгілде ұйымдастыратын құралға айналады.

Мектеп жағдайында сенсорлық қиындықтарды қолдауға арналған дәлелдік материалдар да осындай сақтықты талап етеді. Queensland Department of Education дайындаған жинақта 62 зерттеу қарастырылып, оның ішінде зияттық және даму бұзылыстары бар балаларға қатыстылары да бар екені көрсетілген. Ең құнды тұсы - кез келген сенсорлық стратегияны әмбебап шешім ретінде емес, жеке балаға сәйкестендіріп, нәтижесін міндетті түрде бақылап отыру қажет екені атап өтіледі; кейбір тәсілдер белгілі бір жағдайда көмектесуі мүмкін, бірақ барлығына бірдей тарала бермейді, ал кейбірі, мысалы салмақты жилеттер, дәлел деңгейі жағынан сенімді қолдау таппаған [8].

Л. Кайзер, М.-К. Потвин және К. Бич мектептегі сенсорлық араласуларды күнделікті орындауда парapedагогтар жиі негізгі іске асырушы болатынын, олар бұл тәсілдердің сабаққа тартылуды, эмоциялық және мінез-құлықтық реттеуді жақсартатынын байқайтынын, сонымен бірге материал, уақыт және кеңістік тапшылығы сияқты кедергілер бар екенін көрсетеді. Бұл нәтиже арнайы педагогтың рөлін одан әрі нақтылайды: ол өзі бәрін орындаушы ғана емес, мектеп командасын біріктіретін үйлестіруші, құралды дұрыс таңдайтын сарапшы және орындалу сапасын бақылайтын кәсіби жетекші болуы тиіс [9].

Нағыз тиімділік арнайы педагогтың қандай функцияларды бір тізбекке біріктіре алғанынан көрінеді. Ол баланың жетекші сенсорлық қиыншылығын айқындайды, қолайлы ойын формасын таңдайды, ортадағы артық тітіркендіргіштерді азайтады, тапсырма дозасын белгілейді, қажет жерде бірлескен әрекетке кіреді, кейін көмекті біртіндеп азайтады және алынған нәтиженің сабаққа, тұрмыстық қимылға, сыныптағы мінез-құлыққа ауысуын тексереді. Осы логика төмендегі сызбада жинақталды.



1-сурет. Арнайы педагогтың ойын жаттығулары тиімділігін бағалаудағы интеграциялық рөлі

1 суретте арнайы педагогтың рөлі бір ғана сабақ жүргізушіге сыймайтыны көрінеді. Ол диагноз бен әрекетті, ойын мен функцияны, баланың жеке ерекшелігі мен білім беру ортасын, мектеп пен отбасыны жалғайтын орталық буынға айналады. Сондықтан сенсорлық-перцептивті даму саласындағы кез келген бағдарламаны бағалау кезінде «жаттығу ұнады ма?» деген қарапайым сұрақ жеткіліксіз. Негізгі сұрақ - осы ойыннан кейін бала нұсқауды жақсырақ орындай ма, затты дәлірек таниды ма, партадағы орнын тұрақтырақ ұстай ма, қимылды үлгіге жақындата ма, мазасыздығы мен шашыраңқылығы азая ма.

Сенсорлық интеграцияға қатысты жүйелі мета-талдау мәліметтері де құрылым мен доза мәселесінің шешуші екенін дәлелдейді. С. Ох және әріптестері сенсорлық интеграция терапиясының тиімділігін талдай отырып, 1:1 формат және шамамен 40 минуттық сабақтардың нәтижелірек болуы мүмкін екенін, араласулар әлеуметтік мінез-құлыққа, бейімделу әрекетіне, сенсорлық өңдеуге және ұсақ моторикаға ықпал еткенін көрсетеді. Бұл дерек ойын жаттығуларын да бей-берекет көбейту емес, дәл мөлшерленген, мақсатқа бағынған цикл ретінде жоспарлау керектігін айқындайды [10].

2025 жылы жарық көрген жүйелі жинақта А. Пиллер және әріптестері бір арнаға ғана әсер ететін тәсілдерге қарағанда бірнеше сенсорлық жүйені қатар қамтитын араласулардың әлдеқайда нәтижелі болуы мүмкін екенін, ал кейбір кең таралған мектептік шешімдердің, мәселен балама отыру орындарының, назарды жақсартуға әрдайым жеткізе бермейтінін көрсетті. Сонымен бірге терең қысым және ата-анаға немесе күтім көрсетушіге үйрету элементтері бар тәсілдер әлдеқайда сенімді қолдау табады. Бұл арнайы педагог үшін аса маңызды, өйткені тиімділік сабақ бөлмесінде басталып, үйде бекітілгенде ғана тұрақтанады [11].

Ж. Фернандес, М. де Миландер және Э. ван дер Мерве жүргізген зерттеуде орташа және ауыр деңгейдегі зият бұзылысы бар оқушыларға арналған 6 апталық, аптасына 3 рет, 30 минуттық моторлық бағдарлама жалпы моторлық көрсеткіштердің статистикалық мәнді жақсаруымен байланысты болды. Бұл нәтиже сенсорлық-перцептивті қабілеттерді дамытуда қимылдық компонентті елемуге болмайтынын көрсетеді. Арнайы педагог ойын жаттығуын сенсорлық тапсырма мен қозғалыс тапсырмасының түйісу нүктесінде құрған кезде ғана бала қабылдаған ақпаратын дене арқылы қайта ұйымдастыра алады [12].

Тәжірибеде қолдануға болатын ойын жаттығулары төмендегідей жүйеленуі мүмкін. Мұнда әдейі тым күрделі құралдар алынбады. Негізгі қағида - арнайы педагог кез келген жаттығуды нақты сенсорлық міндетпен, анық уақытпен және бақыланатын нәтижемен байланыстыра алуы керек.

2-кесте. Сенсорлық-перцептивті дамуға арналған ойын жаттығуларының үлгілері

Жаттығу атауы	Нысаналы қабілет	Қажетті материал	Өткізу тәсілі	Арнайы педагогтың көмегі	Бақыланатын нәтиже
Сиқырлы қап	Тактильді ажырату, сөзбен атау	Қап, әртүрлі фактуралы 6-8 зат	Бала затты көрмей ұстап, қасиетін сезіп, атауын немесе жұбын табады	Алдымен 2-3 заттан бастайды, кейін айырмасы жақын заттарды қосады	Қолмен тану дәлдігі, сөздік белсенділік, қорқыныштың азаюы
Фактураны жұпта	Тактильді және көру сәйкестендіру	Киіз, мақта, ағаш, пластик, бедерлі карточкалар	Бірдей беттерді қолмен тауып, кейін көзбен тексереді	Қажет болса қолын бағыттайды, артық стимулды азайтады	Қасиеттерді салыстыру, тұрақты назар, қателікті түзете алу
Түсті-формалы жол	Көру-кеңістіктік қабылдау, бағдарлау	Еденге қойылатын шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түсті белгілер	Бала үлгі бойынша белгілі ретпен жүреді немесе секіреді	«Алдымен - кейін», «оң - сол», «алды - арты» сөздерін енгізеді	Кеңістіктік бағдар, рет сақтау, көру арқылы жоспарлау
Дыбысты тап	Есту арқылы саралау, бағытты табу	Қоңырау, сылдырмақ, барабан, ширма	Педагог әр бағыттан дыбыс шығарады, бала дыбыс қайдан шыққанын көрсетеді	Дыбыс күшін біртіндеп арттырады не азайтады, артық шуды шектейді	Есту назары, дыбыс бағытын ажырату, нұсқауды орындау
Айнадағы қимыл	Дене схемасы, еліктеу, қимылды жоспарлау	Айна немесе бетпе-бет орналасу	Педагог баяу қимыл көрсетеді, бала дәл қайталайды	Қимылды бөлшектеп көрсетеді, темпті баяулатады	Дене бөліктерін тану, қимыл дәлдігі, өз денесін бақылау
Ырғақты тоқта	Есту-моторлық үйлесім, өзін-өзі реттеу	Музыка немесе соққы құралы	Музыка жүргенде қозғалады, дыбыс тоқтағанда	Ережені көрнекі белгімен бекітеді, тым қозғыш	Тежеу, импульсті бақылау, ритмге қосылу

			қозғалысты тоқтатады	балаға қысқа цикл береді	
Допты дәл бер	Көру-қимыл үйлесімі, қашықтықты сезіну	Әртүрлі көлемдегі жұмсақ доп	Допты белгілі нысанаға немесе серіктеске бағыттап береді	Қашықтықты аздан бастап ұлғайтады, дене қалпын түзетеді	Мақсатты қозғалыс, көзбен бақылау, қол координациясы
Дене сұлбасын толықтыр	Дене бөліктерін тану, көру-кеңістіктік жинақтау	Адам бейнесінің бөлшектері, үлкен плакат	Бала дене бөліктерін орнына қояды, атайды, кейін өз денесінен көрсетеді	Тілдік сүйемелдеу қосады, «қайда?» деген сұрақты жиілетеді	Дене сұлбасының нақтылығы, сөздік белгілеу, кеңістіктік жинақтау

Бұл жаттығулардың құндылығы олардың «қарапайымдылығында» емес, функцияға жақындығында. Зият бұзылысы бар балаға жиі дәл осы қарапайым болып көрінетін, бірақ шын мәнінде күрделі интеграцияны талап ететін әрекеттер қиын түседі: дыбысты бағытпен байланыстыру, пішінді кеңістікте сақтау, қимылды үлгіге сәйкес өзгерту, дене қалпын тұрақтандыру, заттың қасиетін сөзбен белгілеу. Сондықтан арнайы педагог жаттығуды таңдағанда ең әуелі «бала нені нашар істейді?» деп емес, «бала қандай сенсорлық ақпаратты дұрыс ұйымдастыра алмай жүр?» деген сұрақты қоюы керек. Сонда ойын сыртқы белсенділік емес, ішкі механизмді түзетудің құралына айналады.

Х. Кавана, Ж. Иссартел, С. Миган және М. Маннинен жүргізген зерттеуде зият бұзылысы бар 5-12 жастағы балалардың іргелі қозғалыс дағдылары компоненттік деңгейде айтарлықтай әлсіз екені, барлық 10 дағдыны толық меңгерген бала мүлде болмағаны көрсетілді. Мұндай дерек арнайы педагог үшін тағы бір маңызды сабақ береді: тұтас әрекетті талап ететін ойын жиі шамадан тыс ауыр болады. Сондықтан қозғалыс немесе қабылдау тапсырмасын мінез-құлықтық бөлшектерге жіктеп, кейін біртіндеп қайта біріктіру қажет [13].

Осыны практикалық циклге көшіру үшін бағалау үдерісі бір реттік бақылаудан гөрі қайталанатын, түзетіле беретін жүйе ретінде ұйымдастырылғаны жөн.

Егер бала тактильді тапсырмада жетістік көрсетіп, бірақ өзін-өзі реттеуде әлі қиналса, келесі кезеңде проприоцептивті немесе ырғақтық ойын үлесі күшейтіледі. Егер көру-қимыл үйлесімі жақсарғанымен, кеңістіктік бағыттау әлсіз қалса, едендік маршруттар мен үлгі бойынша құрастыру жаттығулары көбейтіледі. Осылайша арнайы педагог бағалауды есеп беру үшін емес, бағдарламаны тірі түрде қайта құру үшін қолданады.

Төмен және орта табысты елдердегі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ойынға негізделген араласуларды картаға түсірген В. Райхенбергер және әріптестері мұндай бағдарламалардың жиі оң нәтижелер беретінін, бірақ мәдени бейімдеу, құны, ауқымдылығы және іске асыру сапасы мәселелері әлі де өзекті екенін көрсетеді. Бұл қорытынды Қазақстан мен жалпы Орталық Азия үшін де маңызды. Ойын жаттығулары тиімді болуы үшін олар тек аударылған әдістеме болмауы керек; күнделікті өмірге, отбасылық тәжірибеге, сынып мәдениетіне және баланың тілдік ортасына кірігіп тұруы қажет [14].

С.В. Архипова мен М.С. Подшивалова жүргізген жұмыста музыкалық-ырғақтық және коррекциялық еуритмика элементтері бар жаттығулар зият бұзылысы бар мектепке дейінгі балалардың психомоторлық дамуына оң динамика бергені көрсетілген. Бұл дерек сенсорлық-перцептивті даму тек үстел басындағы ажырату тапсырмаларымен шектелмеуі керектігін

дәлелдейді. Ритм, қозғалыс, дене қалпы және эмоционалдық тонус бірге жұмыс істегенде ғана бала қабылдаған ақпаратын әрекетке айналдыра бастайды [15].

Талқылау

Жиналған материалдар ойын жаттығуларының тиімділігі туралы қарапайым, бірақ өте қатаң қорытындыға әкеледі: нәтиже ойынның болуынан емес, оның педагогикалық жобалануынан туады. Егер арнайы педагог сенсорлық міндетті дәл қойса, баланың шамадан тыс жүктелу шегін есепке алса, көмектің мөлшерін біртіндеп азайтса және жетістікті шынайы функциямен байланыстырса, онда ойын сенсорлық-перцептивті қабілеттердің өсуіне тұрақты әсер етеді. Ал егер ойын тек уақыт толтыру немесе баланы «босатудың» амалы ретінде ұйымдастырылса, оның әсері қысқа мерзімді эмоциялық серпінмен ғана шектеледі.

Осы тұста арнайы педагогтың кәсіби рөлі бірнеше деңгейде ашылады. Бірінші деңгей - диагностикалық. Педагог балаға қиын болып тұрған нәрсені сыртқы мінез-құлықтан ғана емес, оның артындағы сенсорлық себептен тануы керек. Мәселен, бала нұсқауды орындамай жатыр деген көріністің астарында есту арқылы саралаудың әлсіздігі, дене қалпының тұрақсыздығы немесе көру өрісіндегі артық стимулдың шамадан тыс әсері жатуы мүмкін. Екінші деңгей - жобалаушы. Жаттығу мазмұны, ұзақтығы, қайталау саны, көрнекілік, ритм, қозғалыс амплитудасы, демалыс кезеңі дәл осы жерде шешіледі. Үшінші деңгей - медиаторлық. Арнайы педагог бала мен материалдың, бала мен кеңістіктің, бала мен ереженің арасындағы делдал ретінде әрекет етеді. Төртінші деңгей - интерпретациялық. Ол кішкентай өзгерісті үлкен мағынамен байланыстыра білуі тиіс: мысалы, қап ішіндегі затты қателеспей табу кейін киім ілгішін, қарындаш түрін, оқу құралының орнын тану дағдыларын да жеңілдетуі мүмкін.

Сенсорлық-перцептивті қабілеттерді дамытудағы ойын жаттығуларының шынайы нәтижесі көбіне төрт салада көрінеді. Біріншісі - ажырату нақтылығы. Бала заттың фактурасын, пішінін, дыбысын, бағытын, кеңістіктегі орнын дәлірек таниды. Екіншісі - қимылды ұйымдастыру. Ол қол мен көзді, дене бөліктерін, тепе-теңдікті, қозғалыс қарқынын жақсырақ реттейді. Үшіншісі - өзін-өзі реттеу. Қозғыштық азаяды, тежелу күшейеді, нұсқауға қосылу жеңілдейді. Төртіншісі - оқу мен күнделікті өмірге ауысу. Дәл осы соңғы белгі ең маңыздысы, өйткені арнайы педагогиканың мақсаты оқшау дағдыны емес, өмірлік функцияны жақсарту.

Мұнда бірқатар шектеулерді де ашық айту қажет. Біріншіден, сенсорлық және ойынға негізделген араласулар жөніндегі жарияланымдарда әдістемелік әркелкілік жоғары. Бағдарламалардың ұзақтығы, жиілігі, нысаналы тобы, өлшеу құралдары, контексті әртүрлі. Сондықтан кез келген оң нәтижені абсолюттендіруге болмайды. Екіншіден, зият бұзылысы бар балалар тобының өз ішінде де айырмашылық көп. Бір балаға тиімді болған тактильді ойын екіншісіне шамадан тыс жүктеме беруі мүмкін. Үшіншіден, мектептегі немесе орталықтағы қолдау үй жағдайында жалғаспаса, нәтижелердің тұрақтануы баяулайды. Төртіншіден, сенсорлық-перцептивті даму мен жалпы оқу жетістігі арасындағы байланыс тікелей емес, бірақ өте ықпалды. Сондықтан бағалау кезінде «жазуы жақсарды ма?» деген соңғы көрсеткішке ғана емес, оған дейінгі аралық механизмдерге де қарау қажет.

Практикалық тұрғыдан бірнеше қағида айқын көрінеді. Ойын жаттығулары қысқа, бірақ жиі болғаны дұрыс. Бір сабақта тым көп арнаны қозғау орнына, 1-2 басым міндетті анықтап, оларды қайталанатын циклмен жүргізу әлдеқайда ұтымды. Баланың жетістігі міндетті түрде сөзбен белгіленуі керек: «сен жұмсақ пен қаттыны ажыраттың», «сен дыбыс қай жақтан шыққанын дәл таптың», «сен тоқтау белгісін сақтай алдың». Мұндай вербализация сенсорлық тәжірибені саналы әрекетке айналдырады. Сонымен бірге сынып мұғалімі, дефектолог, логопед, психолог және ата-ана арасындағы қысқа, бірақ тұрақты байланыссыз сенсорлық бағдарлама толық нәтижеге жете алмайды.

Ғылыми жаңалық тұрғысынан бұл тақырыптың өзегі ойынның өзін мадақтауда емес, оның тиімділігін бағалауды арнайы педагогтың кәсіби әрекетімен біріктіруде жатыр. Басқаша айтқанда, негізгі жаңашылдық ойынды таңдау тізімінде емес, бағалау логикасында. Арнайы педагог нені, қашан, қанша, қандай реттілікпен, қандай ортада және қандай функционалдық

нәтижеге бағдарлап қолданатынын дәл негіздегенде ғана ойын жаттығулары сенсорлық-перцептивті қабілеттерді дамытудың нәтижелі құралына айналады.

Қорытынды

Зият бұзылысы бар балалардың сенсорлық-перцептивті қабілеттерін дамыту мәселесі арнайы педагогикадағы шеткері бағыт емес, баланың оқу қатысуын, дербестігін және әлеуметтік бейімделуін анықтайтын өзекті өзек болып табылады. Тексерілген халықаралық және аймақтық дереккөздер сенсорлық-перцептивті әлсіздіктің көру-қимыл үйлесімінен бастап өзін-өзі реттеуге дейінгі кең ауқымдағы функцияларға әсер ететінін көрсетті. Осы негізде ойын жаттығуларының маңызы айқындалады: олар баланы пассив қабылдаушыдан белсенді әрекет субъектісіне айналдырады, қабылдау мен қозғалысты біріктіреді, сезімдік тәжірибені сөзбен, ережемен және нақты нәтижемен байланыстырады.

Тиімділікке жеткізетін басты шарттар мынадай: нақты нысаналанған сенсорлық міндет, баланың ерекшелігіне бейімделген орта, дозаланған қайталау, қимыл мен қабылдауды бірлікте ұйымдастыру, көмекті біртіндеп азайту және нәтижені оқу мен күнделікті өмірге көшіру. Арнайы педагог осы тізбектің барлық буынын біріктіретін негізгі маман ретінде көрінеді. Ол баланың қиындық құрылымын таниды, ойын формасын іріктейді, командалық өзара әрекетті үйлестіреді және нәтижені педагогикалық тұрғыдан түсіндіреді. Сондықтан сенсорлық-перцептивті қабілеттерді дамытудағы ойын жаттығуларының шынайы тиімділігі олардың санына емес, арнайы педагогтың кәсіби басқару сапасына тәуелді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. World Health Organization. Clinical descriptions and diagnostic requirements for ICD-11 mental, behavioural and neurodevelopmental disorders. Geneva: World Health Organization, 2024. <https://www.who.int/publications/i/item/9789240077263>
2. American Association on Intellectual and Developmental Disabilities. Defining Criteria for Intellectual Disability. <https://www.aidd.org/intellectual-disability/definition>
3. UNICEF Kazakhstan. Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation. Astana, 2023. <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/11141/file/%20Evidence%20on%20Inclusive%20Education%20in%20Kazakhstan%20based%20on%20a%20Formative%20and%20a%20Big%20Data%20Evaluation.pdf>
4. Фатихова Л.Ф. Diagnostics and Correction of Sensory-perceptual Activity of Preschool Children with Intellectual Disabilities // Preschool Education Today. 2016. Issue 3. P. 50-59. <https://en.sdo-journal.ru/journal/articles/fatikhova-l-f-diagnostika-i-korreksiya-sensorno-pertseptivnoy-deyatelnosti-doshkolnikov-s-intellekt/>
5. Koutsobina V., Zakopoulou V., Tziaka E., Koutras V. Evaluating fine perceptual-motor skills in children with mild intellectual disability // Advances in Developmental and Educational Psychology. 2021. Vol. 3. No. 1. P. 97-108. <https://doi.org/10.25082/ADEP.2021.01.003>
6. Viktorin J., Loosová L. Perceptual Motor Skills in Children and Pupils with Mild Intellectual Disabilities // Multidisciplinary Journal of School Education. 2020. Vol. 9. No. 18. P. 79-95. <https://doi.org/10.35765/mjse.2020.0918.04>
7. Agostine S., Erickson K., D'Ardenne C. Sensory Experiences and Children With Severe Disabilities: Impacts on Learning // Frontiers in Psychology. 2022. Vol. 13. 875085. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.875085>
8. Queensland Department of Education. Evidence summary - Supporting students with sensory processing challenges. Brisbane, 2023. <https://autismhub.education.qld.gov.au/ah-research/Documents/supporting-students-sensory-processing-challenges.pdf>
9. Kaiser L., Potvin M.-C., Beach C. Sensory-Based Interventions in the School Setting: Perspectives of Paraeducators // The Open Journal of Occupational Therapy. 2020. Vol. 8. No. 3. P. 1-11. <https://doi.org/10.15453/2168-6408.1615>

10. Oh S., Jang J.-S., Jeon A.-R., Kim G., Kwon M., Cho B., Lee N. Effectiveness of sensory integration therapy in children, focusing on Korean children: A systematic review and meta-analysis // World Journal of Clinical Cases. 2024. Vol. 12. No. 7. P. 1260-1271. <https://doi.org/10.12998/wjcc.v12.i7.1260>
11. Piller A., McHugh Conlin J.M., Glennon T.J., Andelin L.A., Auld-Wright K.A., Teng K.T., Tarver T. Systematic review of sensory-based interventions for children and youth (2015-2024) // Frontiers in Pediatrics. 2025. Vol. 13. 1720179. <https://doi.org/10.3389/fped.2025.1720179>
12. Fernandes J.M.M., de Milander M., van der Merwe E. The effect of a motor intervention programme for learners identified with moderate to severe intellectual disabilities // Heliyon. 2022. Vol. 8. No. 10. e11165. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2022.e11165>
13. Kavanagh H., Issartel J., Meegan S., Manninen M. Exploring the motor skill proficiency barrier among children with intellectual disabilities: Analysis at a behavioural component level // PLoS ONE. 2023. Vol. 18. No. 11. e0288413. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0288413>
14. Reichenberger V., van der Watt A.S.J., Louw Q., Seedat S., Smythe T. Mapping play-based interventions for children with disabilities in LMICs: a scoping review on cultural relevance, implementation, and impact // eClinicalMedicine. 2025. Vol. 88. 103444. <https://doi.org/10.1016/j.eclinm.2025.103444>
15. Arkhipova S.V., Podshivalova M.S. Development of Psychomotor Functions in Preschool Children With Intellectual Disabilities Through The Means of Correctional Eurhythmics // Propósitos y Representaciones. 2021. Vol. 9. SPE(2). e984. <https://doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE2.984>

СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ PEDAGOGICAL SCIENCES

ƏLİYEV AĞAXƏLİL ƏLƏSGƏR OĞLU [BAKI, AZƏRBAYCAN] ÜMUMTƏHSİL MƏKTƏBLƏRİNDƏ EKOLOJİ TƏDBİRLƏR.....	3
KISMETOVA GALIYA NAGIMOVNA, MAKHANBETALINA GULIM TEMIRBEKKYZY [URALSK, KAZAKHSTAN] FEATURES OF THE ORGANIZATION AND CONDUCT OF INCLUSIVE ENGLISH LESSONS.....	6
HƏSƏNOV OKTAY MAYIL OĞLU [BAKI, AZƏRBAYCAN] FİZİKANIN TƏDRİSİNDƏ İKT-nin TƏTBİQİ TƏCRÜBƏSİ.....	13
İLANA ALİMARDANOVA MÜSLÜM QIZI [BAKI, AZƏRBAYCAN] ORTA MƏKTƏBDƏ FİZİKANIN KOMPYUTER TEXNOLOGİYALARI İSTİFADƏSİ İLƏ TƏDRİS METODİKASI.....	15
ШАКИРОВА ҚАРЛЫҒАШ ЖОРАБЕКҚЫЗЫ [ҚЫЗЫЛОРДА, ҚАЗАҚСТАН] КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН ТАЛДАУДЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ.....	17
YERLAN AISAULYE, TURDALIYEVA ELMIRA DOLDYBAYEVNA [ALMATY, KAZAKHSTAN] THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MODERN EDUCATION.....	21
ERKASYMOVA ZHANNUR, TURDALIYEVA ELMIRA DOLDYBAYEVNA [ALMATY, KAZAKHSTAN] THE ROLE OF PEDAGOGY IN MODERN EDUCATION.....	23
KALIYEVA GULDEN BAURZHANKYZY, ABAGAN AKERKE BOLATBEKKYZY [ALMATY, KAZAKHSTAN, SEOUL, SOUTH KOREA] SOCIAL CHALLENGES AND MARRIAGE MIGRATION AMONG UNDOCUMENTED KAZAKH LABOR MIGRANTS IN SOUTH KOREA.....	27
ДОСУМБЕК ЕРКЕЖАН ТУГЕЛБАЙҚЫЗЫ, АВДРАСОЛЬ С.С. [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ЖИ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ИНФОРМАТИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ.....	34
АСУ КАМИЛЛА БАУРЖАНҚЫЗЫ [ТАРАЗ, КАЗАХСТАН] ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В РАБОТЕ УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ.....	37
DOSZHANOVA GULSARA NURZHIGITOVNA [KAZAKHSTAN] THE ROLE OF INNOVATIVE TECHNIQUES IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES.....	41
ДОСЖАНОВА ГУЛСАРА НУРЖИГИТОВНА, МЕНЛИ МАДИНА [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ.....	45
JUBANOVA ASSEL BORISKYZY, V. RAZUMOVSKAYA [URALSK, KAZAKHSTAN] LEARNER AUTONOMY IN ONLINE ENGLISH LANGUAGE TEACHING FOR SENIOR SECONDARY STUDENTS.....	50
ДОСМАГУЛОВА ГҮЛНАЗ, Н.С.ЖУМАШЕВА [АТЫРАУ, ҚАЗАҚСТАН] СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	55

ADGÖZƏLOVA XATIRƏ AĞAKƏRİM QIZI [BAKI, AZƏRBAYCAN] FİZİKA VƏ ONUN TƏDRİS METODİKASI ÜZRƏ KOMPÜTER MODELƏRİ.....	61
SARIYEVA ASSEMGUL KYDYRBAEVNA [ALMATY, KAZAKHSTAN] ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ.....	63
ZHANBYRBAY ASKAR ISKENDIRULY [ALMATY, KAZAKHSTAN] THE USE OF MULTIMEDIA TOOLS IN FOREIGN LANGUAGE LESSONS.....	68
ЕСЕМБЕКОВА АЙЗАДА САБЫРОВНА, Ж.Х. КЕНДИРБЕКОВА [ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН] ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	72
МОРОЗОВ АРТЁМ АЛЕКСАНДРОВИЧ, АНТИХОВИЧ ЖАННА СТАНИСЛАВОВНА, ОКАТЕНКО КСЕНИЯ ВАЛЕРЬЕВНА [ПАВЛОДАР, КАЗАХСТАН] СПОРТИВНЫЙ И КОРПОРАТИВНЫЙ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ СТУДЕНЧЕСКОГО СПОРТА.....	78
СЕРИКБАЕВА АСЕМ БАЛТАБЕКОВНА [АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН] ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ӘРТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУ ТӘЖІРИБЕСІ.....	82
АЛЕКСЕЕНКО ЕКАТЕРИНА, САЙДИВАҚҚАСОВА АЙЖАН, САДЫКОВ ТИМУР [ҚАРАҒАНДА, КАЗАХСТАН] ИГРОВЫЕ ОНЛАЙН-СЕРВИСЫ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХИМИИ.....	87
А.БЕЙМБЕТҚЫЗЫ, Д.Қ.АЙДАРБАЕВА , Н.Б.МӘЖИТ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКА ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ.....	91
ЖУМАДИЛОВА АЛИЯ СМАИЛОВНА [ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН] МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ОЙЫНЫ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕСІ, ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ.....	97
СЕЙТЖАПАНОВА СӘНИМАЙ, КЕМЕЛБЕК ЖАНСУЛУ, САДЫКОВ ТИМУР [ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН] ХИМИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ.....	105
ASSYLBEK ABAI, ABILEVA ASSEL, RENATOVA ASSIYA, SADYKOV TIMUR [KARAGANDA, KAZAKHSTAN] THE APPLICATION OF THE METHOD CASE STUDY WITH AI FOR THE DEVELOPMENT OF SCIENCE LITERACY.....	109
ЗЕЙНОЛДА АҚЖАН МУРАТҰЛЫ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] БАСКЕТБОЛ ПӘНІ БОЙЫНША СПОРТШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ӘДІСТЕРІНІҢ ӘСЕРІ.....	112
СЕЙТМАХАНБЕТ ҚЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ.....	116
РАУШ АНЖЕЛА ИГОРЕВНА, Б.Ш. ТҰРҒАНБАЕВА [СЕМЕЙ, КАЗАХСТАН] ИННОВАЦИОННЫЕ МОДЕЛИ УПРАВЛЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ И ИХ РОЛЬ В РАЗВИТИИ СОТРУДНИЧЕСТВА ШКОЛЫ И СЕМЬИ.....	119
СУНДУКОВА Г.К., РАИМБЕКОВА А.Д. [КОКШЕТАУ, КАЗАХСТАН] НАТЮРМОРТ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ У ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ.....	125

САМАРХАНОВ ТАЛАНТ НУРЖАКЫПОВИЧ, МҰРАТ ДИЛЬНАЗ БЕКБОЛАТОВНА [АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН] ҚАЗІРГІ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУДА АІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	128
ИСКЕНДЕР АЙБОЛ ОЛЖАСҰЛЫ, ЖАНСЕИТОВА ЛЯЗЗАТ ЖЕКСЕНБЕКОВНА [АЛМАТЫ Қ., ҚАЗАҚСТАН] 7-9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ.....	131
ЖУМАГАЛИЕВА ЗАЙНАБ ГАЙРАТКЫЗЫ, ДЕНИСОВА ИРИНА АЛЕКСАНДРОВНА [АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН] КОРРЕКЦИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПИЩЕВОГО ПОВЕДЕНИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С РАССТРОЙСТВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА.....	137
ЕСІМ АРУЖАН ҚҰРМАНҒАЗЫҚЫЗЫ, ДЕНИСОВА ИРИНА АЛЕКСАНДРОВНА [АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН] ЗИЯТ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ-ПЕРЦЕПТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ОЙЫН ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚАЛАУ: АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ.....	145



"IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION"

Контакт

els.education23@mail.ru

Наш сайт

irc-els.com